Түркістан облысы,Шардара қаласы
№12 жалпы орта мектеп

# «Жауқазын» МАД сыныбының 2021-2022 оқу жылы «Өнерлі екен он саусақ» вариативтік бөлім

Сынып тәрбиешісі: Құдабаева Ж

# Кіріспе

Шығармашылық тұлғаны қалыптастыру – қазіргі кезеңдегі педагогикалық теория мен тәжірибенің маңызды мәселелерінің бірі. Оны мектепке дейін дамыту тиімді. В.А. Сухомлинский айтқандай: «Балалардың мүмкіндігі мен дарындылығының бастамалары саусақтарының ұшында. Бейнелеп айтқанда, саусақтарынан, шығармашылық ойын қоректендіретін өте жіңішке жылғалар сынды жіптер тарайды.Баланың қолында неғұрлым шеберлік көп болса, соғұрлым ол ақылды болады». Ересектердің көмегімен көркемдік-шығармашылық қабілеттерін дамыта отырып, бала жаңа туындылар жасайды (сурет, жапсыру) . Бейнелеу өнерінің сурет салу, мүсіндеу, жапсыру бала үшін өзінше әр қайсысы қызықты. Бала бейнелеу өнерінің қай түрімен айналысса да өз көңіл күйін білдіре алады.Балалар ерте жастан бастап өздерінің қоршаған ортадан алған әсерін бейнелеп көрсетуге тырысады.Дәстүрден тыс әдістермен сурет салу,жапсыру, мүсіндеу балалардың шығармашылық қабілеттерін жақсы дамытады, көңілдерін көтереді, шығармашылыққа талпындырады. Ол қиял деңгейлерін дамытуға, ой...ұшқырлығына, танымдық белсенділігі мен ізденгіштік қабілеттерін жетілдіруге көп әсерін тигізеді.«Өнерлі екен он саусақ» үйірмесі балаларды дәстүрден тыс әдіс арқылы сурет салуға, мүсіндеуге, жапсыруға, табиғи материалдарды қолданып өз шығармашылық қабілеттерін дамытып, жасаған жұмыстары туралы әңгімелей білуге үйретеді.

**Мақсаты:**

1.Мектеп жасына дейінгі балаларды дәстүрден тыс әдістерін қолдануға үйрету.
2.Мектеп жасына дейінгі балалардың қозғалыс дағдыларын және қолдың білезік буынының икемділігін арттыру.
3.Балаларды дәстүрден тыс әдістерін пайдалана отырып кез- келген сурет салуда ,жапсыруда, мүсіндеуде өз шығармашылықтарымен ұштастыра білуге үйрету.

**Міндеті:** Балаларды көркем шығармашылық қабілеттерін, зейіндерін дамыту, ой-өрісін қызығушылығын арттыру.

**Күтілетін нәтижелер:**

Саусақ маторикалары дамиды, ой-қиялы артады, эстетикалық талғамдары қалыптасады.

**«Вариативтік бөлім бойынша перспектива**
**Тақырыбы: «Өнерлі екен он саусақ»**
**Мерзімі: 2021-202 оқу жылы**
**Өткізілетін сыныбы: Мектепалды даярлық сыныбы «Балапан»**

| **№** | **Тақырыбы** | **Мақсаты** | **Мерзімі** |
|---|---|---|---|
| 1 | Жүк таситын машина | Сіріңке қорапшасынан жүк машинасын жасауғаүйрету. | |
| 2 | Конверткесалынғанаш ық хат. | Қатырма қағаз парағының бұрыштарынсимметриялы бүктеу | |
| 3 | Көбелектің суретін саламыз | Балалардың табиғат әлеміне деген қызығушылығынарттыру,бояу түстерінің мәнін түсіндіру.Көбелектіңбейнесін қағазға монотопия әдісімен түсіруді үйрету.Балаларды табиғатты аялауға,қорғауға жәнеұқыптылыққа,еңбекке тәрбиелеу. | |
| 4 | Күзгі өнімді жинауға арналған себет | Өз қолдарымен қағаздан әр - түрлі бұйымдар жасауға үйрету. Шаршы қағазды теңестіре, тігінен,көлденеңнен бүктеу дағдыларын жетілдіру. | |
| 5 | Ертегісі бойынша мүсіндеу.<br>. | Басқа балалармен топтасып немесе жекелей біртектізаттарданобраздар<br>мен<br>сюжеттіккомпозицияларжа<br>сау<br>.Жұмысбарысындажұмысорнын, құралдарынреткекелтіру | |
| 6 | Жемістер | Қайшымен жұмыс істеу дағдыларын арттыру,домалақ және сопақ пішіндерді қағазданқиып үйрену.Дұрыс желімдеуге дағдыландыру.Балаларды қайшымен жұмыс жасауға дағдыландыру. | |
| 7 | Жолбелгілері | Қажетсізматериалдарменжұмысжасау. | |
| 8 | Күзгі жапырақ | Күзгі жапырақтарды қағаздан умаждап жасау. | |
| 9 | «Күзгісаңырауқұлакта р» | Жапырақтар арқылысаңырауқұлақбейнесінжапсыру. | |
| 10 | Саусақтар – тату отбасы. | Сурет арқылы саусақтарынан отбасының тату бейнесінің суретін салуды үйрету,шығармашылыққиялды, бастаманы дамыту. | |
| 11 | Кірпі | Балалардың кірпі туралы білімін кеңейту. Қайшымен жұмыс істеу. Әр жаққа бағытталған түзу<br>сызықтарды қиюды бекіту. | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 12 | Құс | Алақанмен құстың қанатын салу.Ұқыптылыққа тәрбиелеу. | |
| 13 | Балық (ұжымдық жұмыс) | Сурет салудың дәстүрлі және дәстүрден тыс әдістері арқылы балалардың бейнелеу өнеріне деген қызығушылықтарын арттыру. Бояумен жұмыс істеу<br><br>іскерліктерін жетілдіру, қылқаламмен ирек, түзу, ұзын, қысқа толқынды сызықтар сызуға дағдыландыру. Алақанмен жұмыс жасай білуге үйрету. Ұқыпты, нәтижелі жұмыс жасай білуге тәрбиелеу. Бейнені қағаз бетіне орналастыра білуін және шығармашылық қабілеттерін дамыту. | |
| 14 | От шашу (балауызбен) | Балаларға балауызбен сурет салуға үйрету. Мерекені қуанышпен қарсы алу арқылы эмоциялық көңіл күйлерін көтеру. Ойлау қабілеттерін дамыту. | |
| 15 | Байтерек | Байтерек туралы түсінік беру. Мақта таяқшасымен бояуды үйрету.Ұқыптылыққа тәрбиелеу. | |
| 16 | Мысық | Сіріңкеқораптарынпайдалану арқылымысықтыңбе йнесінжасауғаүйрету.<br>Желімдеу, қағаздықиыпжапсырудағдыларынбекіту, ұқыптыжұмысжасаудағдыларын қалыптастыру. | |
| 17 | Шырша | Шырша ойыншықтарын жасап үйрену. Саусақпен ойыншықтарды дұрыс сала білуге жаттықтыру. Ойыншықтарды жасау арқылы тазалыққа, ұқыптылыққа, тәртіпке сабырлылық пен әсемдікке тәрбиелеу. | |
| 18 | Қой | Үлгіге сүйене отырып, дайын қойдың үстіне мақтамен жапсыруды үйрету. Қылқаламға желімді ұқыпты жағып алып, сулықпен қолдану іскерліктерін дамыту.Ұқыптылыққа тәрбиелеу. | |
| 19 | Балапан | Балаларға жапсырмалау туралы түсінік беру және жапсырмалар жасап үйрету, балалардың қол моторикасын, қиялын дамыту. Умаждау әдісін қолдана білуге үйрету | |
| 20 | Қар кесегі | Балалардың қыс мезгілі, қар туралы түсініктерін кеңейту. Көк түс пен ақ түстің бір-біріне үйлесімділігіне көңіл бөлуді үйрету. Қар кесегін балауызбен салып,оны бояумен бояуды үйрету.Табиғатқа деген сүйіспеншілік сезімдерін арттыру. | |
| 21 | Қар жамылған бұтақ | Балалардың шығармашылық қабілеттері мен қиялдарын дамыту. Дәстүрден тыс мақталы таяқшалармен қардың суретін салуды үйрету. | |
| 22 | Стакан | Қатты қағазды бүктеп жапсыру арқылы  жасау. | |
| 23 | Сиқырлы ағаш (ұжымдық жұмыс) | Алақанмен сурет салу қабілетін бекіту.Әр түрлі түсті қолдана білуге үйрету.Ұқыпты сурет салуға тәрбиелеу. | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 24 | Көңілді сайқымазақ | Түстерді ажырата білуге,саусақпен дөңгелек пішінді заттарды салуға үйрету.Тазалыққа тәрбиелеу. | |
| 25 | Гүл | Балалардың кол маторикасы дамыту.мақталы дискамен сурет салуды үйрету.Ұқыпты сурет салуға дағдыландыру. | |
| 26 | Гүлдер. Қағазданбіріктіру | Өзқолдарыменқағазданәртүрлігүлдержасауғаүйрету . Шаршықағаздытеңестіре, тігінен, көлденеңненбүктеудағдыларынжетілдіру | |
| 27 | Алма | Қағазды бүктеу арқылы алма жасауды үйрету.Бүктеген жерге ұқыпты желім жағуды үйрету.Тазалыққы тәрбиелеу. | |
| 28 | Күннiңкөзі | Сары түстіқағазды «Түйіршіктеу» әдісіарқылыжасау. | |
| 29 | Ыдыстағы гүл | Алақанның таңбасын салуды үйрету және белгілі бір образға дейін сурет салу. | |
| 30 | Құстарғаарналғанүйшік | Қаттықағазданүйшікжасау.Ұжымменжұмыс. | |
| 31 | Ара | Балаларға жапсырмалау туралы түсінік беру және жапсырмалар жасап үйрету, балалардың қол моторикасын, қиялын дамыту. Желімен ұқыпты жұмыс жасауға дағдыландыру. | |
| 32 | Зымыран | Оригамиәдісіарқылызымыранжасап, қаттыкөгілдіртүскежапсыру. | |
| 33 | Достық ғаламшары | Саусақ  моторикасын дамыту, балаларды саусақпен жұмыс жасауды үйрету. Қызығушылылықтарын арттыру. | |
| 34 | Көбелек | Дәстүрден тыс әдіспен көбелектерді салуды үйрету. Салу, елестету қабілеттері мен бақылай білу дағдыларын бекіту Саусақпен жұмыс істеу тәртібімен қолдана білуге, қол-саусақ қимылдарын қалыптастыру. | |
| 35 | Анағаарналғанраушангүлі | «Бұрмалау, орау» әдісіарқылытүрлітүстіқағазданжасау. | |
| 36 | Түлкі | Дайынүлгідегітүлкініқаттықағаздан конус жасап, жапсыру. | |

**«Өнерлі екен он саусақ» (Вариативтік компонент)**

**Тақырыбы :** Жүк таситын машина

**Мақсаты :**Сіріңке қорапшасынан жүк машнасын жасауға үйрету.

Оқу қызметінің барысы:

Шаттық шеңбер

Балаларға машина туралы тақпақ оқу.

«Бип-бип-бип», — дейді
«Жолдан былай кет!» — дейді.
«Жол шетінде күт!» — дейді.
Көшеде жүруге асыға,
Күшікті басуға, басуға,
Болмайды, болмайды, машина!
«Бип-бип-бип», — дейді,
Болмайды, болмайды, машина.
Бип-бип-бип!

Ой қозғау.

Тақпақ не туралы айтылған

Суретпен жұмыс.

бірнеше көлік түрлерінің суретін көрсетіп, әртүрлі машиналар не үшін пайдаланылатынын әңгімелесу.

Ой қозғау.

Жүк машинаның қандай бөліктері бар? Қорабы,кабинасы,дөңгелегі қандай?

**Дидактикалық ойын:** Қай машина жоқ.

Балаларға шырпы қорабынан машина жасаудың әдіс тәсілдерін көрсету,түсіндіру

Шырпыны қорапшасын алып жүк машинасының кабинасын жасаймыз..

Шырпының қорапшасын алып жүк машинасын жасауға кіріседі.

Балалардың жұмысын бақылау.

**Сергіту сәтт:**

Отырмын рөлде,
Моторым, гүрілде.
Ойыншығым-машинам,
Тарт алға асыға.
Сенімен тасимын,
Көмір мен тасыңды.
Таудай ғып артамын,
Бидай мен арпаңды.

Балаларға жеке көмек көрсету.

Қорытынды

-Балалар бүгін біз не құрастырдық?

-Сендерге ұнады ма?

-Несімен ұнады?

Бағалау. Мадақтау.

**«Өнерлі екен он саусақ» (Вариативтік компонент)**
**Тақырыбы :** Конвертке салынған ашық хат
**Мақсаты**: Қатырма қағаз парағының бұрыштарын симметриялы бүктеу.
**Көрнекі құралдармен материалдар**:мочалка (губка),желім, қайшы.
**Әдоқу-тәсілі:** Сұрақ –жауап,әңгімелесу.

| **Оқу-қызмет кезеңдері** | **Тәрбиешінің оқу-қызметі** | **Балалардың оқу-қызметі** |
|---|---|---|
| **Мотивациялық-қозғаушы күш**<br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br>**Рефлексивті-түзетуші** | Жылулық шеңбері<br>Арайлып таң атты,<br>Алтын сәуле таратты,<br>Жарқырайды күніміз,<br>Жарқырайды даламыз,<br>Қайырлы таң балалар.<br><br>Балаларға аналары жайлы айтуын ұсынады.<br>- Аналарымызды жақсы көремізба?<br>- Аналарымызға көмектесемізба?<br>- Олай болса анамызға сыйлық жасайық.<br><br>Тәрбиеші балаларға жұмсақ мочалканы (губкны) алма пішінінде қиып алу. Қиылған пішінді желімдеу арқылы бетіне ине қадағыш жасау.<br><br>Балаларға жұмыс барысында көмек көрсетіліп ,жұмысты ұқыпты жасауы бақылыанды.<br><br>Жұмыс аяқталғаннан кейін балалар еңбегін талдап,жетоқутіктерін атап , ,түрлі-түсті қағазбен қиып жапсыру жұмыстарын орындау ұсынылады. | Балалар жылулық шеңберіне тұрып сәлемдеседі.<br><br>Балалар тәрбиешіні мұқият тыңдайды.Және Аналарын өте жақсы көретінін,оларға үнемі қолғабыс ететінін айтады. Сыйлық жасауға қуана келоқуеді.<br><br>Балалар жұмысты мұғалімнің көмегімен орындайды. |

**Күтілетін нәтиже**

**Нені білу керек?**Аналарға қолғабыс етуді.
**Нені игереді?**Ине қадағыш жасауды.
**Нені біледі**? Алдарына мақсат қоя білуді.

**«Өнерлі екен он саусақ» (Вариативтік компонент)**
**Тақырыбы :**Көбелек
**Мақсаты:**Дәстүрден тыс әдіспен көбелектерді салуды үйрету. Салу, елестету қабілеттері мен бақылай білу дағдыларын бекіту.Саусақпен жұмыс істеу тәртібімен қолдана білуге, қол-саусақ қимылдарын қалыптастыру.

| **Іс-әрекет кезеңдері** | **Тәрбиешінің қызметі** | **Балалардың іс-әрекеті** |
|---|---|---|
| **Мотивациялық қозғаушылық**<br><br><br><br><br><br><br><br>**Іздену-ұйымдастыру** | **Шаттық шеңбері**<br>Кел балалар күлейік<br>Күлкіменен түлейік<br>Түрлі-түсті бояумен<br>Әсемдеп біз жүрейік<br>Бізге келген қонаққа<br>Иіліп сәлем берейік.<br><br>Гүлдер,гүлдер көктесін<br>Көбелектер көп келсін<br>Гүл қанатты көбелек<br>Бақшамыздан кетпесін<br>-Өлеңде не туралы айтылған?<br>Жарайсыңдар, өте дұрыс!<br>Слайдттан не көріп тұрсыңдар?<br>Көбелектердің түстері қандай болады?<br>Иә, сары, қызыл, ақ, көкшіл түсті, көбелектер<br>Бір сәтке көзімізді жұмып, қиялмен гүл толы қырға, шығып келейік.<br>Ұшып жүрген көбелектер.<br>Жайқалған гүлдер қандай, қызыл, сары, ақ гүлдер. Осы гүлдердің ортасында бірінен – біріне ұшып, қонып көбелектер жүр. Гүлдер қандай әсем болса, сол гүлдерге ұқсас көбелектер де алуан түсті, пішіні де гүлге ұқсас. Сан құбылған қанаттарын қағып, табиғатты одан сайын сұлуландыра түседі.<br>1. Балалар, көбелектің қанша түрін көріп тұрсыңдар?<br>2. Қанатының өрнектері қандай?<br>Сұрақ қою арқылы көбелек пішіні туралы мәлімет беремін.<br>Көбелектің дене бөліктеріне тоқталу.<br>Басы, көзі,аузы, мұртшасы,қанаты<br>Көбелектер бунақденелілерге жатады,олар бақшаның ішінде гүлдің, шөптің арасында, ұшып-қонып жүреді.<br>**Дидактикалық ойын**<br>**Тақырыбы:** «Көбелектің өз түсін тап»<br>**Мақсаты:** Көбелектерді түсін ажырата отырып, өз түсімен сәйкестендіру.<br><br>**Жұмыстың орындалу реті.**<br>1.Қылқаламды таза суға батырып, онымен | Балалар қимылмен көрсетеді<br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br>Көбелек<br><br><br><br><br><br><br><br>Көбелек<br><br><br><br><br><br><br><br><br>Сары, қызыл, жасыл<br>Балалар жауаптары тыңдалады.<br><br><br>Көбелектер туралы білетіндерін айтып, түстерін атайды.Көбелек туралы ертегіні айтып, тақпақтар жаттайды. |

| | | |
|---|---|---|
| **Рефлексивті түзетушілік** | бояудың үстіне су тамызамыз.Бояудың жарты бөлігі су болады.Енді бояуды сумен<br><br>араластырамыз.<br>2. Араластырған бояуға қылқаламды батырамыз.Қылқаламмен көбелектің дөгелек,сопақша пішіндер салу арқылы денесін саламыз,мұртшасын саламыз және алдыңғы үлкен қанат пен артқы кіші қанатын салу. Бояумен оң жақ алдыңғы үлкен және артқы кіші қанаттың ішіне көк түстен дақ түсіреміз.<br>3. Сары, қызыл түстерді қолдана отырып оң жақ қанатын бояймыз.Әрбір бояуды пайдаланған соң, қылқаламның ұшын суға тазалап жуып отырамыз.<br>4.Қағаздың дәл ортасынан бүктеп, көбелектің сол жақ қанаты мен оң жақ қанатын беттестіреміз. Оны қолымызбен 1-2-3 деп санаймыз.<br>5. Көбелектің қанатын ашамыз.Егер көбелектің қанатындағы бояу өте солғын болса, яғни сендердің бояуларыңның өте сүйық болғаны. Егер бояудың суы аз болса, онда бояуларың кеуіп қалады да келесі қанатына дақ түспей қалады.Бояу жақсы, дұрыс араластырылған жақсы дақ түсірілген болса, онда көбелектің сол жақ қанатының өрнегі оң жағымен бірдей болып шығады.<br>**Балалардың өзіндік жұмысы.**<br>Көмек қажет болған балаларға көмектесу.<br><br>Балалардың жұмыстарын өздерімен бірге тамашалап,жақсы жұмыс жасаған баланың жұмысын барлығына көрсетіп мадақтау. | Балалар көбелектерді түсіне қарай гүліне орналастырады.<br><br>Қылқаламды суға батырады,субояққа араластырады. Әртүрлі түстерді қолданады. Қағазды бүктейді,көбелектің оң жақ және сол жақ қанатын беттестіреді. Қызыл, сары, көк,жасыл түсті көбелектерге дөңгелек пішіндерді орналастырады<br><br>Балалар жауаптары тыңдалады. |

**Күтілетін нәтиже:**
**Жаңғыртады:** Көбелек туралы айтады, түстерін атай алады,үлгіге қарап сурет салады
**Түсінеді:** Көбелектің түрі көп, түстері әртүрлі болатынын, жәндіктерге жататынын
**Қолданады:** Дәстүрден тыс әдіс-тәсіл арқылы сурет салуды

**«Өнерлі екен он саусақ» (Вариативтік компонент)**
**Тақырыбы :** Күзгі өнімді жинайтын себет
**Мақсаты :** «Күзгі өнімді жинауға арналған себет» Оригами
**Мақсаты**:Өз қолдарымен қағаздан ір-түрлі бұйымдар жасауға үйрету.Шаршы қағазды теңестіре,тігінен, көлденеңнен бүктеу дағдыларын жетілдіру.
**Көрнекілігі**:Себет,слайд.
**Көрнекі құралдар**:ермексаз,тұзды қамыр,сазбалшық,себет.
**Билингвизм:**Себет-корзина.

| **Оқу-қызмет кезеңдері** | **Тәрбиешінің оқу-қызметі** | **Балалардың оқу-қызметі** |
|---|---|---|
| **Мотивациялық-қозғаушы күш** | Жылулық шеңбері<br>Балалар жылы лебіз білдіреді. | |
| **Ізденуші-ұйымдастырушы**<br><br>**Рефлексивті-түзетуші** | Әңгімелесу.<br>Балалармен күз мезгілінің ерекшелігі ,күзгі еңбек жайында әңгімелесемін.<br>Покукен жемоқуті,көкөноқуті себетке жинап жатқан балаларды көрсетіп әңгімелеймін.<br>Балалар бүгінгі оқу оқу-әркетімізде біз ермексазбен себет жасаймыз.<br>Балаларға себет жасау әдоқуін көрсетіп,түсіндіремін.<br>Балалар жұмыс жасайды.<br>Мақал-мәтел<br>1.Еңбек түбі зейнет.<br>2.Еңбекпен тапқан нан тәтті.<br>Қорытындылау.<br>Балаларды мақтау. | Балалар мұқият тыңдайды.<br><br>Жұмыс жасайды.<br><br>Мақалды жаттау. |

**Күтілетін нәтиже**
**Не білді:** Күз мезгілінің ерекшеліктерін.
**Не меңгерді:**Күзгі өнімдерді.
**Не оқутей алады**: Қағаздан себет жасауды.

**«Өнерлі екен он саусақ» (Вариативтік компонент)**
**Тақырыбы :** Ертегісі бойынша мүсіндеу
**Мақсаты:**Басқа балалармен топтасып немесе жекелей біртекті заттардан образдар жасау. Жұмыс барысында жұмыс орнын, құралдарын ретке келтіру.
**Көрнекі құралдар**:Қағаз түрлері,пайдалануға жарамсыз заттар,желім,қайшы.

| **Оқу-қызмет кезеңдері** | **Тәрбиешінің оқу-қызметі** | **Балалардың оқу-қызметі** |
|---|---|---|
| **Мотивациялық-қозғаушы күш** | **Жылулық шеңбері**<br>Амансыз ба, күн!<br>Амансыз ба,дос!<br>Амансыз ба,шеңбер!<br>Әнге қос!<br>Амансыз ба ,ғасыр! | |
| **Ізденуші-ұйымдастырушы**<br><br>**Рефлексивті-түзетуші** | Балалар біз қуыршақты білемізба?<br>Қандай мультфильм кейіпкерлерін білеміз?<br>Қолтырауын Гена,Чебурашка білемізба?<br>Олай болса пайдалануға жарамсыз заттардан қуыршақ театрына қажетті кейіпкерлер жасайық.<br>Қолтырауын Гена,Чебурашка жасау реттілігі.<br>Пайдалануға жарамсыз заттарды пайдаланып қуыршақ жасау. **Сергіту сәті**<br>**Дидактикалық ойын:** «Ойлан тап»<br>**Мақсаты**:Балаларды гүл түрлерін ажырата білуге үйрету.<br>**Шарты**: Тақтада жартылай тұрған гүлдердің қалған бөлшегін партадан табу арқылы гүлдерді сәйкестендіріп құрастыру. | |

**Күтілетін нәтиже**
**Не білді:**Қуыршақ театры жайлы.
**Не меңгерді:**Қолтырауын Гена мен Чебурашки жасауды.
**Не оқутей алады**: Бастаған оқутерін аяғына дейін жеткізе білуді.

**«Өнерлі екен он саусақ» (Вариативтік компонент)**

**Тақырыбы :**Жемістер

**Мақсаты:**Қайшымен жұмыс істеу дағдыларын арттыру, домалақ және сопақ пішіндерді қағаздардан қиып үйрену. Дұрыс желімдеуге дағдыландыру. Балаларды қайшымен жұмыс жасауға дағдыландыру.

**Көрнекі құралдар**:Қағаз түрлері,желім,қайшы.

| **Оқу-қызмет кезеңдері** | **Тәрбиешінің оқу-қызметі** | **Балалардың оқу-қызметі** |
|---|---|---|
| **Мотивациялық-қозғаушы күш**<br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br>**Ізденуші-ұйымдастырушы**<br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br>**Рефлексивті-түзетуші** | **Жылулық шеңбері**<br><br>Амансыз ба, күн!<br>Амансыз ба,дос!<br>Амансыз ба,шеңбер!<br>Әнге қос!<br>Амансыз ба ,ғасыр!<br><br>Балалармен мақал- мәтел айту.<br>Қыз өссе – елдің көркі.<br>Гүл өссе – жердің көркі.<br>Атадан мал қалғанша,тал қалсын.<br>Бұл мақалды не жайында айтылған.<br>Бүгінгі оқу қызметімізде – жемістермен танысамыз.<br>Жемістер бақта өседі. Жемістердің көптеген түрлері бар.Жемістердің адам ағзасына пайдалы дәрумендерге бай.<br>**Белсенділік орталықтарымен жұмыс:**Жемістерді жасап үйренеміз.<br>Шаршыны тең екіге және қиғашынан бүктеу арқылы алманы және алмұртты жасау.<br>Қиып дайындаған жұмысты жапсыру.<br>**Сергіту сәті**<br>**Дидактикалық ойын:** «Ойлан тап»<br>**Мақсаты**:Балаларды гүл түрлерін ажырата білуге үйрету.<br>**Шарты**: Тақтада жартылай тұрған гүлдердің қалған бөлшегін партадан табу арқылы гүлдерді сәйкестендіріп құрастыру. | <br><br>Балалар шаттық шеңберін жасайды.<br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br>гүл<br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br>Қағаздан саңырауқұлақ жасайды.<br><br><br><br><br><br><br>Дидактикалық ойынды қызыға ойнайды. |

**Күтілетін нәтиже**

**Не білді:** Гүл түрлерін білді.

**Не меңгерді:**Жемістер туралы мәліметті меңгерді.

**Не оқутей алады**: Қағаздан алма мен алмұрт  жасай алады.

**«Өнерлі екен он саусақ» (Вариативтік компонент)**
**Тақырыбы :**Жол белгілері
**Мақсаты:**Қажетсіз материалдармен жұмыс жасау.
**Қажетті құрал-жабдықтар:** түрлі-түсті қағаз, қорапша,кілей,қайшы.

| **Оқу-қызмет кезеңдері** | **Тәрбиешінің оқу-қызметі** | **Балалардың оқу-қызметі** |
|---|---|---|
| **Мотивациялық-қозғаушылық** | «Шаттық шенбері» ойыны Шеңберге тұрып,бір-біріне жылы сөздер айтуды ұсынады. | Шеңберге тұрып,бір –біріне жылы лебіздер айтады. |
| **Ұйымдастыру-іздестіру** | **«Пойыз ойыны**<br>Балаларды пойыздың басы етіп бір баланы алып, вагондары етіп қалған балаларды тіркеп кедергілерден жүргізу.Кім үзіліп қалса сол ойыннан шығады.<br>Балаларға жол белгілерінің суреттерін көрсетіп балаларға таныстыру.<br><br>Жол белгілерін жасау реттілігі.<br>Жарамсыз заттарды пайдаланып жол белгілерін жасау.<br>● Алдымен түрлі-түсті қағазды қию арқылы бағдаршамның қызыл,жасыл, сары түстерін дөңгелек етіп қиып алу.<br>● қиылған дөңгелектерді қорапшаға жапсыру. | |
| **Рефлексивті-түзетушілік** | Бүгінгі сабақта не туралы білгендерін,ненің ерекше естерінде қалғанын сұрап,жақсы қатысқандары үшін мадақтап,оқу оқу-қызметін аяқтайды. | Сұрақтарға жауап береді |

**Күтілетін нәтиже:**
**Нені білу керек?**Жол белгілерін.
**Нені игереді?**Бағдаршам жасау.
**Нені біледі**? Таңдаған жұмыстарын толық аяқтап,оны беруді.

**«Өнерлі екен он саусақ» (Вариативтік компонент)**
**Тақырыбы :**Күзгі жапырақ
**Мақсаты:**Күзгі жапырақтарды қағаздан умаждап жасау.
**Әдісі:** Сұрақ-жауап, түсіндіру, көрсету, ойындар.

| **Оқу-қызмет кезеңдері** | **Тәрбиешінің оқу-қызметі** | **Балалардың оқу-қызметі** |
|---|---|---|
| **Мотивациялық-қозғаушылық** | Шаттық шеңбері:<br>Армысың асыл күн!<br>Армысың асыл досым!<br>Жылуыңа – жылу қос,<br>Міне менің қолым!!! | |
| **Ұйымдастыру-іздестіру** | Сабақтың барысы:<br>Балалар, бүгінгі сабаққа көңіл күйлерін қалай?<br>- Сендер бала-бақшаға келгенде ауа-райы қандай болды?<br>- Балалар қазір жылдың қай мезгілі?<br>Жақсы балалар ендеше біз сабағымызды бастайық.<br>- Балалар тақтадағы суретке қараңдаршы, не көріп тұрсыңдар?<br>Күз мезгілінде қандай табиғи өзгерістер болады екен?<br>- Күн суытады,ағаштың жапырақтары сарғаяды, жазда өсірілген гүлдер күз мезгілінде қурап сарғаяды.<br>Ендеше балалар, біз осы күзгі көптеген сары, қызыл жапырақтардан умаждалған қағаздан жасап көрейік.<br>**Сергіту сәті:**<br>Тербеледі ағаштар<br>Алдымнан жел еседі<br>Кіп-кішкентай ағаштар<br>Үлкен болып өседі.<br>- Балалар сендердің жұмыстарыңды көріп,сайқымазақ қуанып отыр.<br>**Ойын: «Жапырақтар жинау».**<br>Ойынның барысы: Балалар музыкалық әуенмен жерге шашылған жапырақтарды жинаулары қажет. | Жақсы<br>Күн суытты.<br>Күз<br><br>Ағаштардың жапырақтары сарғайған |
| **Рефлексивті-түзетушілік** | Сайқымазақ:<br>- Міне керемет, өте жақсы! Тапсырмаларымды жақсы орындадыңдар, балалар. Мен сендерге өте ризамын, қандай білімді балаларсыңдар деп өзінің тәттілерін балаларға үлестіреді де балалармен қоштасып шығып кетеді. | Сұрақтарға жауап береді |

**Күтілетін нәтиже:**
**Нені білу керек?** Жапырақ түрлерін
**Нені игереді?**Жапырақтардан көбелек жасауды
**Нені біледі**? Таңдаған жұмыстарын толық аяқтап,оны беруді.

**«Өнерлі екен он саусақ» (Вариативтік компонент)**
**Тақырыбы :**Күзгі саңырауқұлактра
**Мақсаты:** Жапырақтар арқылы саңырауқұлақ бейнесін жапсыру.
**Көрнекіліктер:** әртүрлі саңырауқұлақтың суреттері, шөп өскен алқап, кірпі.
**Құрал- жабдықтар**: желім, парақ.
**Әдіс-тәсілдер:** көрсету, сұрақ-жауап, әңгімелеу, түсіндіру, ойын.

| **Іс-әрекет кезеңдері** | **Тәрбиешінің іс-әрекеті** | **Баланың іс-әрекеті** |
|---|---|---|
| **Мотвациялық-қозғаушылық** | **Шаттық шеңбері:**<br>**Саусақ ойыны: «Саңырауқұлақ»**<br>Шынашағым орманға бар!<br>Шылдыр шүмек, саңырауқұлақ тап!<br>Ортан терек, тазалап ал!<br>Балаң үйрек, қуыра сал!<br>Бас бармағым, барлығын жеп,<br>Өсіп қапсың толып. | -«Саңырауқұлақ» саусақ ойныын білеміз.<br>Балалар ойын мәтініне сәйкес қимыл-қозғалыс жасайды. |
| **Ұйымдастыру-ізденістік** | -Енді осы саңырауқұлақтарды жапсырып көрейік. Мүсіндеу жолдарын көрсетіп,түсіндіру. Өздерің қалаған түстегі қағазды алыңдар. Оны қалпақтың пішінде қиып, бас бармақпен ортасына орналастырамыз.<br>**Сергіту сәті:**<br>Жемісі мол теретін,<br>Күз дос екен бізбенен.<br>Бәрін тауып беретін,<br>Жомарт екен күз деген.<br>(Ғ. Қайырбеков)<br><br>Ақ түсті қағаздан бірнеше ұсақ түйіршектер жасап, қалпақтың үстіне жапсырамыз. | Кезекші бала тазалық шараларын айтады.<br>Балалар жұмыс жасайды.<br>Балалар өлең сөздеріне байланысты қимылдар көрсетеді.<br>2-3 рет қайталайды.<br><br>Балалар тәрбиешінің көрсетуімен саңырауқұлакты жапсыра бастайды. |
| **Рефлексиялық-түзетушілік** | -Балалар, бәрің де саңырауқұлакты әдемі жапсырдыңдар!<br>(Балалар назарын шөптесін алқапқа аударады.) осы әдемі саңырауқұлақтарыңды мына алқапқа орналастырыңдар. Бұл «Саңырауқұлақ алқабы» болады.<br><br>-Бүгінгі сабақ ұнады ма? | Балалар өздері жасаған саңырауқұлақтарын алқапқа, кірпінің үстіне орналастырады.<br>Сипаттап әңгімелейді.<br>-Ұнады. |

**Күтілетін нәтиже:**
**Біледі:**саңырауқұлақ атауларын, түстерін.
**Игереді:**әр түрлі тәсілдерді пайдаланып жапсыруды.
**Меңгереді**: саңырауқұлақ түрлерін, пайдасын.

**«Өнерлі екен он саусақ» (Вариативтік компонент)**
**Тақырыбы :**Саусақтар- тату отбасы.
**Мақсаты:**Сурет арқылы саусақтарынан отбасының тату бейнесінің суретін салуды үйрету, шығармашылық қиялды, бастаманы дамыту.

| **Іс- әрекет кезеңі** | **Тәрбиешінің іс-әрекеті** | **Балалар іс-әрекеті** |
|---|---|---|
| **Мотивациялық кезең** | -Балаларға бүгінгі күннің қандай тамаша екенін күн нұры аямай төгіп тұрғаны күн барлығына қуаныш әкелетіні- жапырақтар жайқалып құстар сайрап,жан жануар атауы тіршілік қамына кірісіп, балалар көтеріңкі күйде болатыны жайлы әңгімелейді.<br>-Ал біздің ойыншықтарымыздың күн сайын далаға шығып, күннің көзін көретін мүмкіндіктері жоқ,Олардың көңілдерін көтеріп, күзгі күн сәулесімен жылыуына көмектесеміз бе? | Балалардың көңіл күйлері көтеріледі.<br><br>Балалар өз ойларын айтады. |
| **Ұйымдастырушылық ізденуші** | Ақ сандығым ашылды ішінен жібек шашылды?<br>Ол не балалар?<br>-Ендеше бәріміз жарқыраған күн сәулесін бейнелеп, ойыншықтарға сыйлайық.<br>Жұмыс бастамас бұрын бойымызды сергітіп алайық.<br>Ал,балалар, тұрамыз,<br>Айналаны шоламыз.<br>Күн нұрындай жарқырап<br>Жер бетіне қонамыз.<br>Балалар,бүгін біз алдарында тұрған бояулардын сырын ашамыз,қарындашпен сурет салған сияқты,бояумен суреттер салуға болады. Алдарындағы сары бояуды пайдалана отырып, алақанымызбен саусақтарымыз арқылы күннің суретін салайық. Бояумен жұмыс жасау ұқыптылықты талап ететін ұмытпайық.Алдымен алақанымызды сары түсті бояуға батырып, күннің домалақ бейнесін, ал саусағымыз арқылы күннің сәулелерін бейнелейік.Үлгі сурет бойынша балаларға сурет салу ретін көрсетіп,түсіндіреді.<br>-Алдымен маған алақандарынды жазып,ашып көрсетіңдерші.Бір-бірімізге алақандарымызды тигізіп күн жасап ойнайық.<br>-Енді мына ыдыстағы (жалпақ ыдысқа | Ол,- күн<br><br>Өлең жолдарына сәйкес қимылдар жасайды.<br><br>Балалар қызығушылықпен тыңдайды.<br><br>Қолдарын сары түсті бояуға малып алқанның,саусақтың көмегімен күннің |

| | | |
|---|---|---|
| | алдын-ала сары бояу құйып дайындап қою қажет) сары түсті бояуға алақанымызды батырамыз.<br>-Алақанымызды ақ қағазғы қойып дақ түсіреміз.Алақанды бір рет бастырғаннан кейін қағазды айналдыра қозғалтып, алақанды саусақтарды шашырата отырып бастыру керектігін,сонда күн сәулесі пайда болатын түсіндіреді. Алғаш дайын болған суретке күннің күлімдеп тұрған бейнесін әдемілеп салады.Балаларға мынадай өтініш айтады: Ол сендерге риза болып рахмет айтып тұр.Сендерде күн сияқты күлімдеп, өздерің көңіл-күйлеріңді көрсетіңдер.Көңілділік әр баланың өзінен басталса қандай жақсы.Қиналған балаларға жеке бағыт бағдар беріледі.Алақандарын жағылған бояудың қағазға толық тиюіне көңіл бөледі.Ойыншықтардың балаларға рахмет айтады.Енді бөлмеде үнемі көңілді болады деп ескертеді. | суретін салады.<br><br>Жұмыс соңынан балалар қолдарын сулы шүберекпен сүртіп тазалайды. |
| **Рефлекциялы түзету кезеңі** | Жұмыс соңынан балалардың еңбегін мадақтап топтың жарық болып кеткенін, мұндай жарық жерде ойыншықтар көңіл болатынын айтады. | Балалар өз жұмыстарына қызығушылықпен қарайды. |

**Күтілетін нәтиже:**
**Біледі:**түстерді.
**Игереді:**әр түрлі тәсілдерді пайдаланып салуды.
**Меңгереді**: саусақпен сурет салады.

**«Өнерлі екен он саусақ» (Вариативтік компонент)**
**Тақырыбы :**Кірпі
**Мақсаты:**Балалардың кірпі туралы білімін кеңейту. Қайшымен жұмыс істеу. Әр жаққа бағытталған т.зу сызықтарды қиюды бекіту.

| **Іс-әрекет кезеңдері** | **Тәрбиешінің іс-әрекеті** | **Баланың іс-әрекеті** |
|---|---|---|
| **Мотвациялық-қозғаушылық** | **Шаттық шеңбері:**<br>**Саусақ ойыны: «Саңырауқұлақ»**<br>Шынашағым орманға бар!<br>Шылдыр шүмек, саңырауқұлақ тап!<br>Ортан терек, тазалап ал!<br>Балаң үйрек, қуыра сал!<br>Бас бармағым, барлығын жеп,<br>Өсіп қапсың толып. | -«Саңырауқұлақ» саусақ ойнын білеміз.<br>Балалар ойын мәтініне сәйкес қимыл-қозғалыс жасайды. |
| **Ұйымдастыру-ізденістік** | -Балалар, кірпі қайда өмір сүреді?<br>-Оның сүйікті асын білесіңдер ме?<br>-Енді осы саңырауқұлақтарды қағаздан қиып жапсырып көрейік. Қию жолдарын көрсетіп, түсіндіру.<br>-Ақ қағаздан саңырауқұлақтың аяғын қиып, сопақша пішінге келтіреміз.<br><br>Өздерің қалаған түсте парақ алыңдар. Оны домалақ етіп, қалпақтың пішініне келтіреміз.<br><br>**Сергіту сәті:**<br>Жемісі мол теретін,<br>Күз дос екен бізбенен.<br>Бәрін тауып беретін,<br>Жомарт екен күз деген.<br>(Ғ. Қайырбеков)<br>Ақ түсті қағаздан бірнеше ұсақ түйіршектер жасап, қалпақтың үстіне жапсырамыз. | Орманда.<br>Саңырауқұлақ.<br>Кезекші бала тазалық шараларын айтады.<br>Балалар жұмыс жасайды.<br><br>Балалар өлең сөздеріне байланысты қимылдар көрсетеді.<br>2-3 рет қайталайды.<br><br>Балалар тәрбиешінің көрсетуімен саңырауқұлақты мүсіндей бастайды. |
| **Рефлексиялық-түзетушілік** | -Балалар, бәрің де саңырауқұлақты әдемі жасадыңдар!<br>(Балалар назарын шөптесін алқапқа аударады.) осы әдемі саңырауқұлақтарыңды мына алқапқа орналастырыңдар. Бұл «Саңырауқұлақ алқабы» болады.<br><br>-Бүгінгі сабақ ұнады ма? | Балалар өздері жасаған саңырауқұлақтарын алқапқа, кірпінің үстіне орналастырады.<br>Сипаттап әңгімелейді.<br>-Ұнады. |

**Күтілетін нәтиже:**
**Біледі:**саңырауқұлақ атауларын, түстерін.
**Игереді:**әр түрлі тәсілдерді пайдаланып жапсыруды.
**Меңгереді**: саңырауқұлақ түрлерін, пайдасын.

**«Өнерлі екен он саусақ» (Вариативтік компонент)**
**Тақырыбы :**Кірпі
**Мақсаты:**Балалардың кірпі туралы білімін кеңейту. Қайшымен жұмыс істеу. Әр жаққа бағытталған т.зу сызықтарды қиюды бекіту.

| **Іс-әрекет кезеңдері** | **Тәрбиешінің іс-әрекеті** | **Баланың іс-әрекеті** |
|---|---|---|
| **Мотвациялық-қозғаушылық** | **Шаттық шеңбері:**<br>**Саусақ ойыны: «Саңырауқұлақ»**<br>Шынашағым орманға бар!<br>Шылдыр шүмек, саңырауқұлақ тап!<br>Ортан терек, тазалап ал!<br>Балаң үйрек, қуыра сал!<br>Бас бармағым, барлығын жеп,<br>Өсіп қапсың толып. | -«Саңырауқұлақ» саусақ ойныын білеміз.<br>Балалар ойын мәтініне сәйкес қимыл-қозғалыс жасайды. |
| **Ұйымдастыру-ізденістік** | -Балалар, кірпі қайда өмір сүреді?<br>-Оның сүйікті асын білесіңдер ме?<br>-Енді осы саңырауқұлақтарды қағаздан қиып жапсырып көрейік. Қию жолдарын көрсетіп, түсіндіру.<br>-Ақ қағаздан саңырауқұлақтың аяғын қиып, сопақша пішінге келтіреміз.<br><br>Өздерің қалаған түсте парақ алыңдар. Оны домалақ етіп, қалпақтың пішініне келтіреміз.<br><br>**Сергіту сәті:**<br>Жемісі мол теретін,<br>Күз дос екен бізбенен.<br>Бәрін тауып беретін,<br>Жомарт екен күз деген.<br>(Ғ. Қайырбеков)<br>Ақ түсті қағаздан бірнеше ұсақ түйіршектер жасап, қалпақтың үстіне жапсырамыз. | Орманда.<br>Саңырауқұлақ.<br>Кезекші бала тазалық шараларын айтады.<br>Балалар жұмыс жасайды.<br><br>Балалар өлең сөздеріне байланысты қимылдар көрсетеді.<br>2-3 рет қайталайды.<br><br>Балалар тәрбиешінің көрсетуімен саңырауқұлакты мүсіндей бастайды. |
| **Рефлексиялық-түзетушілік** | -Балалар, бәрің де саңырауқұлақты әдемі жасадыңдар!<br>(Балалар назарын шөптесін алқапқа аударады.) осы әдемі саңырауқұлақтарыңды мына алқапқа орналастырыңдар. Бұл «Саңырауқұлақ алқабы» болады.<br><br>-Бүгінгі сабақ ұнады ма? | Балалар өздері жасаған саңырауқұлақтарын алқапқа, кірпінің үстіне орналастырады.<br>Сипаттап әңгімелейді.<br>-Ұнады. |

**Күтілетін нәтиже:**
**Біледі:**саңырауқұлақ атауларын, түстерін.
**Игереді:**әр түрлі тәсілдерді пайдаланып жапсыруды.
**Меңгереді**: саңырауқұлақ түрлерін, пайдасын.

**«Өнерлі екен он саусақ» (Вариативтік компонент)**
**Тақырыбы :**Құс
**Мақсаты:** Алақанмен құстың қанатын салу. Ұқыптылыққа тәрбиелеу.

| **Оқу-қызмет кезеңдері** | **Тәрбиешінің оқу-қызметі** | **Балалардың оқу-қызметі** |
|---|---|---|
| **Мотивациялық-қозғаушы күш**<br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br>**Рефлексивті-түзетуші** | Жылулық шеңбері<br>Арайлып таң атты,<br>Алтын сәуле таратты,<br>Жарқырайды күніміз,<br>Жарқырайды даламыз,<br>Қайырлы таң балалар.<br><br>Балаларға құстар туралы түсінік беру.Теледидардан құстар туралы деректи фильм көрсету.Құсардың мекен ету ортасы жайлы түсінік беру.<br><br>- Тәрбиеші балаларға құстың қанатын алақанды бояуға батырып салу жолын түсіндіреді.<br><br>Балаларға жұмыс барысында көмек көрсетіліп ,жұмысты ұқыпты жасауы бақылыанды.<br><br>Жұмыс аяқталғаннан кейін балалар еңбегін талдап,жетістіктерін атап , түрлі-түсті қағазбен қиып жапсыру жұмыстарын орындау ұсынылады. | Балалар жылулық шеңберіне тұрып сәлемдеседі.<br><br>Балалар тәрбиешіні мұқият тыңдайды.Құстар туралы қызықты мәлімет алады.<br><br>Балалар жұмысты мұғалімнің көмегімен орындайды. |

**Күтілетін нәтиже**
**Нені білу керек?**Құстар туралы толық мағлұмат.
**Нені игереді?**Алақанмен құстың қанатын жасауды.
**Нені біледі**? Алдарына мақсат қоя білуді.

**«Өнерлі екен он саусақ» (Вариативтік компонент)**
**Тақырыбы :**Балық (ұжымдық жұмыс)
**Мақсаты:** Сурет салудың дәстүрлі және дәстүрден тыс әдістері арқылы балалардың бейнелеу өнеріне деген қызығушылықтарын арттыру.

| **Оқу-қызмет кезеңдері** | **Тәрбиешінің оқу-қызметі** | **Балалардың оқу-қызметі** |
|---|---|---|
| **Мотивациялық-қозғаушы күш**<br><br>**Рефлексивті-түзетуші** | Жылулық шеңбері<br>Арайлып таң атты,<br>Алтын сәуле таратты,<br>Жарқырайды күніміз,<br>Жарқырайды даламыз,<br>Қайырлы таң балалар<br>Қайырлы таң апайлар!<br><br>- Тәрбиеші балаларға су -тіршілік көзі, сусыз өмір жоқ екенін түсіндіре отырып, судың қасиеттерімен, оның пайдасымен таныстырады.<br>Суда өмір сүретін жануарлармен соның ішінде балықпен таныстырады.Балықтың түрлері өте көп екенін және олардың немен қоректенетінін түсіндіріп өтеді.<br>Суретпен жұмыс.<br>Көлдің, теңіздің суреттері.Онда өмір сүретін балықтар, ерекше балықтардың суреттерін көрсетеді.<br>- Қылқаламмен ирек сызық жасау арқылы балықтың суретін салуды үйретеді.<br>Балаларға жұмыс барысында көмек көрсетіліп ,жұмысты ұқыпты жасауы бақыланады.<br><br>Жұмыс аяқталғаннан кейін балалар еңбегін талдап,жетістіктерін атап ,жасаған жұмыстарын көрмеге қою ұсынылады. | Балалар жылулық шеңберіне тұрып сәлемдеседі.<br><br>Балалар тәрбиешіні мұқият тыңдайды.<br><br>Балалар суретке қарап әңгіме құрайды.<br><br>Балалар жұмысты мұғалімнің көмегімен орындайды. |

**Күтілетін нәтиже**
**Не білді:**қылқаламмен ирек сызықпен салу тәсілін.
**Не меңгерді:** Алақанмен жұмыс жасау жасау.
**Не оқутей алады**: Бастаған жұмыстарын тиянақты аяқтау.

**«Өнерлі екен он саусақ» (Вариативтік компонент)**
**Тақырыбы :**От шашу.
**Мақсаты:** Балаларға балауызбен сурет салуға үйрету. Мерекені қуанышпен қарсы алу арқылы эмоциялық көңіл күйлерін көтеру. Ойлау қабілеттерін дамыту.

| **Оқу іс-әрекетінің кезеңдері** | **Тәрбиешінің іс-әрекеті** | **Баланың іс-әрекеті** |
|---|---|---|
| **Мотивациялық-қозғаушылық** | **Шаттық шеңбері.**<br>Орнымыздан тұрамыз<br>Үлкен шеңбер құрамыз<br>Құрсақ енді шеңберді<br>Алақанды соғамыз.<br>Оң жақтағы көршіңе,<br>Сол жақтағы көршіңе<br>Күлімсіреп қараймыз.<br>Қолды көкке созамыз,<br>Бір – бірімізден озамыз,<br>Құшақтасып бәріміз,<br>Тату достар боламыз!<br>Қайырлы таң достарым!<br>Қайырлы таң қонақтар!<br>Сәлеметсіздер ме!<br>Здравствуйте!<br>Good morning! | Балалар тәрбиешімен бірге қайталап айтады.<br><br>Қонақтармен амандасады.<br>Сәлеметсіздер ме!<br>Здравствуйте!<br>Good morning! |
| **Ұйымдастырушылық-ізденістік** | Тәрбиеші балаларға бейнетаспадан көріністер көруді ұсынады.<br>Бейнетаспаны көріп болған соң көрініс не туралы екенін сұрайды.<br>-Бұл қандай мереке?Неге барлық адамдар көңілді?Сендерге мереке ұнайды ма?<br>Мерекелерде отшашу жаққанда айнала жап-жарық болып,әдемі түстерге боялады.<br>Отшашу мерекенің нағыз сыйы екендігін түсіндіреді.Елдің шаттанып,барлық адамдар жылы,көтеріңкі көңіл күйге бөленетіндігін айтады.<br>Балаларға <отшашу> сөзін қайталап айтқызады.<br>Егер мерекедегі осы сәт ұнаса,отшашудың суретін балауызбен салуды ұсынады.Жұмыстың барысы:<br>Балауыз шаммен ақ қағазға сурет салу<br>Сурет салуды бастамас бұрын сергіту сәтін жасауды ұсынады.<br>Сергіту сәті: | Балалар жарты шеңбер болып отырып бейнетаспаны көреді.<br><br>Көптеген адамдардың қолдарында гүл,шар,балалардың қолында балмұздақ, ойыншықтар |

| | | |
|---|---|---|
| | Кәне,кәне,тұрайық,<br>Үлкен шеңбер құрайық.<br>Тұрсақ неді шеңберге,<br>Алақанды ұрайық.<br>Оң жақтағы балаға,<br>Сол жақтағы балаға.<br><br>Шапалақта,шапалақ<br>Шапалақта,шапалақ.<br>-Алдарындағы сурет дәптерге өзіміз тұратын қаланың суреті берілген, жақында еліміздің туған күні болып өтті. Сонда өте әдемі,жарқыраған оттары көп отшашулар атылды.Балауызбен салынған сурет біріншіден көрінбейді, тек қағаздың бетінде түрлі – түсті бояулар жағылған соң, бейне пайда болады. Сол балауызбен салынған отшашудың үстінен бояудың ұнаған түстерін пайдаланып,қылқаламмен сызық жүргізу арқылы отшашулы саламыз. Педагог отшашудың сәулелері әдемі болу үшін бояудың түстеріне дұрыс таңдауға және оны үйлестіре сызуға мән береді.Отшашу түрлі түсті жарыққа бөленуі үшін қызыл,сары,жасыл,көк түстерді пайдалану қажеттігін айтады. | |
| **Рефекциялық – түзетушілік** | | |

**Күтілетін нәтиже:**
**Біледі**:Мерекеде аспанда отшашулар шашылатынын.
**Игереді**:Отшашуды тек аспанға ату керектігін.
**Меңгереді:** Балауызбен, гуашпен әдемі етіп түрлі түсті сурет салуды.

**«Өнерлі екен он саусақ» (Вариативтік компонент)**
**Тақырыбы :**Бәйтерек
**Мақсаты:** Байтерек туралы түсінік беру. Мақта таяқшасымен бояуды үйрету.Ұқыптылыққа тәрбиелеу.

| Оқу іс-әрекетінің кезеңдері | Тәрбиешінің іс-әрекеті | Балаланың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| **Мотивациялық-қозғаушылық** | Арайлап таң атты ,<br>Алтын сәуле таратты.<br>Жарқын болсын таңымыз,<br>Сәтті болсын күніміз ! | қимылмен орындайды |
| **Ұйымдастырушылық-ізденістік** | **Ұйымдастырушылық-ізденістік**<br>-Балалар, қараңдаршы картадан не көріп тұрсыңдар ?<br>-Көптеген елдер мен қалаларды көріп тұрмыз.<br>-Біздің еліміздің Астанасы қай қала?<br>-Нұр-Сұлантан қаласы.<br>-Ендеше  еліміздің астанасы әсем қаламыздағы көрікті жерлерімен танысайық.<br>**Бәйтерек** -Қазақстан мемлекетінің символы. Дүние жүзінде теңдесі жоқ,бірегей сәулетті ғимарат. Мұнда келушілер шыны шарда орналасқан жарық әрі кең көру залына понарамалық лифт арқылы көтеріледі. Биіктігі 97м.<br>Балалар бүгін біз бас қаламызда көзге бірден түсетін, аса биік « Бәйтеректің» суретін бояймыз.<br><br>Алдымен желімді жағып алып, манный кашаны сеуіп , кептіріп аламыз.<br>Сонан соң мақта таяқшасымен көк және сары түстерді пайдалану арқылы бояймыз.<br>**Сергітусәті.**<br>Оңсаусағымшаршады,<br>Солсаусағымшаршады.<br>Саусақтарымбірігіп,<br>Билеп, билепалады | қимылмен орындайды |
| **Рефекциялық – түзетушілік** | | |

Күтілетін нәтиже :
**Біледі:** өз елінің әсем жерелері туралы біледі.
**Игереді:** мақта таяқшасымен салу әдісін толық  игереді.
**Меңгереді:** жұмысты орындаудағы тиянақтылығы мен ептілігі қалыптасады.

**«Өнерлі екен он саусақ» (Вариативтік компонент)**
**Тақырыбы :**Мысық
**Мақсаты:**Сіріңкеқораптарынпайдалану арқылымысықтыңбейнесінжасауғаүйрету. Желімдеу, қағаздықиыпжапсырудағдыларынбекіту, ұқыптыжұмысжасаудағдыларын қалыптастыру.

| **Әрекеттердің кезеңдері** | **Тәрбиешінің әрекеті** | **Баланың іс-әрекеті** |
|---|---|---|
| **Ұйымдастырушылық-оятушылық** | Балалар шаттық шеңберінде дөңгелене тұрып, төмендегі әнді бәрі бірге қосылып айтады.<br>Кел,балалар, күлей?<br>Күлкіменен түлейік!<br>Қабақ түйген не керек!<br>Қадірлі боп жүрейік! | Әнді мұғаліммен бірге қосылып айту. |
| **Ұйымдасушылық-ізденушілік** | Сызбаүлгіарқылысуреттісипаттапайтқызып,әліппе-дәптердегісуреттіретібойыншақалайқұрастыруқажеттігінетоқталады.Ұсынылғантапсырмалардыорындауғабағытберіледі.Құрастыруматериалдарынпішініне,көлемінеқарайтаңдапалып, мысықтыңдене бөліктерінесәйкесорналастыруғаұсынысжасайды.<br>Әліппе-дәптердегісуреттергеталдаужасалады;<br>-балалар іс-әрекетіне басшылық жасалып,кейбір балаларға көмек көрсетіледі;<br>-балалардың өздігінен дербес шығармашылықпен әрекет етуіне бағыт беріледі;<br>-өз ойларын қосып,бөліктерді толықтырып,жүк машинасын талапқа сай құрастырған еңбеккер мадақталып,ерекше аталып өтеді. Түрлі түсті қатты қағазға жай қарындашпен мысықтың және күшіктің денесін сызып алып, оларды пропорционалдық қатынасын сақтай отырып қиып алады. Содан кейін дөңгелек сызып, оны қиып алады, бұл басы болады. Ұсақ бөліктерден мысықтың үшбұрыш, күшіктің құлағын сопақша дөңгелек тәрізді етіп қиып алады. Көзі, тұмсығы және мұрттары сияқты ұсақ бөліктеріне де назар аудару қажет. Олардың кейбір өте ұсақ бөлшектерін фломастермен болмаса түрлі түсті қарындашпен салуға да болады. Бұдан кейін мысықтың құйрығын жіңішкелеу, күшіктің құйрығын жуандау етіп әртүрлі формада қиып алады. Алдымен олардың дене бөліктерін<br>жоғары жағынан бастап: алдымен басын,денесін,соңынан құйрығын жапсырады.Енді оған балалардың қалауы бойынша қосымша бөліктерді | |

| | | |
|---|---|---|
| | өздері ойлап,таңдап жасауға болады.<br>**Сергіту сәті.** | |
| **Өзін-өзі бағалау-түзету**<br><br>**(Рефлекстік - коррекциялық)** | Сабақ соңында тәрбиеші мысыққа ат қоюды және жұмбақ немесе солар туралы тақпақ айтып беруді сұрайды. | |

**Күтілетін нәтиже:**
**Білу керек**:мысықтар жайлы.
**Үйрену керек:**қағазбен дұрыс жұмыс жасауды.

**«Өнерлі екен он саусақ» (Вариативтік компонент)**
**Тақырыбы :**Шырша
**Мақсаты:**Шырша ойыншықтарын жасап үйрену. Саусақпен ойыншықтарды дұрыс сала білуге жаттықтыру. Ойыншықтарды жасау арқылы тазалыққа, ұқыптылыққа, тәртіпке сабырлылық пен әсемдікке тәрбиелеу.

| Іс-әрекет кезеңдері | Педагогтің іс-әрекеті | Балалардың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивациялық – қозғаушылық | Жылулық шеңбері<br>Сәлем саған,Күн Ана!<br>Сәлем саған,Жер Ана!<br>Біз бақытты баламыз,<br>Бақшамызға барамыз.<br>Сәлеметсіздер ме, қонақтар!<br>Сәлеметсіздер ме, достарым! | Балалар қимыл қозғалыс жасап орындайды. |

| | | |
|---|---|---|
| Ұйымдастырушылық-ізденістік | «Табиғат бұрышымен» жұмыс.<br>-Жылдың қай мезгілі?<br>-Қыста күн қандай?<br>-Дұрыс айтасыңдар, балалар.Қазір жылы киініп жүруіміз керек.<br>Балалар,біреу келіп тұрған сияқты.<br>-Бізге қонақ келіпті.Қонақ пошташы апай екен.<br>-Сәлеметсізбе, пошташы апай. | Балалардың жауабы.<br>Қыс мезгілі.<br><br><br>Тәрбиешіні тыңдайды.<br><br><br>Қонақпен амандасады. |
| | -Балалар,мен сендерге Аяз атадан сыйлық алып келдім.<br>-Балалар,апай бізге шырша және шырша ойыншықтарын алып келіпті ғой.Міне балалар,біз де аз күнде Жаңа жыл мерекесі келе жатыр.Бізде безендірілген шыршаға барамыз.Бізге қонаққа Аязата мен Ақшақар келеді. Келіңдер,шырша ойыншықтарын жасайық.Әр балаға шырша ойыншықтарын жасау үшін,түрлі-түсті қиылған қағаздарды таратып береміз.Бірінші балаларға қағазды қалай умаждау керек екенін көрсетіу. Ал енді балалар дөңгелектеп,умаждап көрейік.<br>Балалардың саусақтарына қимыл -қозғалысына мән беру керек.<br>Домалақ пішінде жасай алуына қараймыз.Балалардың жасаған ойыншықтарын әдемілеп шыршаға ілеміз.Шыршаның жоғарғы жағына жұлдыша іліп қояйық,жарық беріп тұрады.<br>Сергіту сәті:<br>Ал балалар тұрайық<br>Мойнымызды бұрайық<br>Қолымызды бұрайық<br>Жел сияқты қалықтап<br>Денемізді бұрайық | Қағазды саусақтармен басып алақандарына салып умаждап домалақтайды.Қағазды қайта жазып бірнеше рет домалақтап умаждап көреді.<br><br><br><br><br><br>Сергіту сәтін жасайды. |
| Рефлексиялық-түзету | «Шырша шырақтары»ойыны.<br>Ойынның шарты:балалар, «Шырша шырақтары жанды»дегенде қолдарыңды жоғары көтересіңдер. «Шырақтар өшті»дегенде қолдарыңды түсіресңдер. | Ойын ойнайды. |

**Күтілетін нәтиже**:
**Білу керек**:Шырша,ойыншықтарын білу керек.
**Игереді**:Тапсырманы тиянақты көрсете білу керек.

**«Өнерлі екен он саусақ» (Вариативтік компонент)**
**Тақырыбы :**Қой
**Мақсаты:**Үлгіге сүйене отырып, дайын қойдың үстіне мақтамен жапсыруды үйрету. Қылқаламға желімді ұқыпты жағып алып, сулықпен қолдану іскерліктерін дамыту.Ұқыптылыққа тәрбиелеу.

| Жұмыс барысы | Тәрбиешінің іс-әрекеті | Балалардың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| **Мотивациялық шығармашылық** | **Шаттық шеңбер:**<br>Момақаным менің,<br>Маңырама ,төлім.<br>Тойғызады кешке,<br>Енең келіп сенің. | Балалар ауылда не көргендері жайлы әңгімелеп береді. |
| **Ізденіс-ұйымдастырушылық** | «Қозы» өлеңінің мазмұнын ашу.<br>Ал, балалар , ойнайық.<br>Ойнайық та ойлайық.<br>Қандай жұмбақ болса да,<br>Шешпей оны қоймайық.<br>**Жұмбақ.**<br>Кішкене ғана бойы бар,<br>Айналдырып киген тоны бар.( Қой).<br>-Балалар қой қандай жануарға жатады?<br>-Балалар қой төрт түлікке жатады.<br>-Сендердің алдарыңда сүйкімді қойдың суретісалынғанқағаздар бар.Енді біз осы дайын суреттің бетіне желім жағып, үстіне аз аздан мақтаны жапсырамыз. Дайын үлгіге қойдың көздері мен құлақтарын жапсырамыз.Икемдері келмей қиналған балаларға педагог үнемі көмекке келіп отырады.<br>**Сергіту:**<br>Орнымыздан тұрайық,<br>Белімізді жазайық.<br>Жоғары-төмен қарайық.<br>Солға-солға түзу тұр.<br>Оңға-оңға түзу тұр.<br>Алға қарай бір адым.<br>Бойымызға күш жинап,<br>Бір дем алайық.<br>Қазір біз «Құлағыммен тыңда тез тап»! дидактикалық ойын.<br>Ойынның мақсаты*:* Үй жануарларының дауысынан ажырата білуге үйрету.<br>Сонымен балалар біз бүгін нені жапсырдық?<br>Қой қандай жануар?<br>Қойдың төлі қалай аталады?<br>Балаларды бағалау. | Балалар педагогтің көрсетуі бойынша жұмыс жасайды.<br><br>Өлеңнің сөзіне сәйкес қимылдар жасайды. |
| **Рефлексиялық-** | Педагог балалардың салған суреттерінен көрме | Салғансуреттерінен |

| | | |
|---|---|---|
| **түзетушілік** | ұйымдастырып, бәрінің де жақсы салғандарын айтып мадақтайды. | көрме ұйымдастырып, өздері қызықтайды. |

**Күтілетін нәтиже:**
**Біледі:** қылқаламмен дұрыс жұмыс істей білу дағдыларын.
**Игереді:** үй жануарларына деген қамқорлық сезімін.
**Меңгереді:**мақтаны желімді пайдаланып жапсыруды.

**«Өнерлі екен он саусақ» (Вариативтік компонент)**
**Тақырыбы :**Балапан
**Мақсаты:**Балаларға жапсырмалау туралы түсінік беру және жапсырмалар жасап үйрету, балалардың қол моторикасын, қиялын дамыту. Умаждау әдісін қолдана білуге үйрету.

| Жұмыс барысы | Тәрбиешінің іс-әрекеті | Балалардың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| **Мотивациялық шығармашылық** | Шаттық шеңбері<br>Қайырлы күн, көк аспан!<br>Қайырлы күн, жер ана!<br>Қайырлы күн, жан досым!<br>Жылуыма жылу қос<br>Міне менің қолым! | |
| **Ізденіс-ұйымдастырушылық** | Балалар, ортаға бір бала шығып сиқырлы қораптың ішінен суреттер таңдасын. Сол суретке байланысты жұмбақ жасырсын.<br><br>Жұмбақ: Өзі сара, өзі мамық<br>Тауықтың баласы<br>Оның аты...<br>Балалар бізге қонаққа балапан келді. Бәріміз балапанмен танысып, бір жылы сөз айтайық. (Менің атым Айша, сен қандай мамықсың).<br>Балалар біз көгалдағы балапандарға қонаққа барайық<br>Балапандар көгалда, шөп, жем, жеп жүр. Олар қандай әдемі, мамық, оларды әр қашанда аялауымыз керек.<br>Енді біз, қағаздың бетіне көгалдағы балапанды жапсырайық.<br>**Сергіту сәті:**<br>Бас бармағым алғашқы<br>Балан үйрек жалғасы<br>Ортан терек жалғасы<br>Шылдыр шүмек кезекші<br>Кішкентай шынашақ<br>Жұмыс істеу барысы: | |

| | | |
|---|---|---|
| | 1. Балалар, бірінші біз көк түсті қағазды кішкентай бөлшектерге бөлеміз. Ол бізде бұлт болады<br>2. Жасыл түсті қағазды кішкентай бөлшектерге бөлеміз Ол бізде шөп болады.<br>3. Сары түсті қағазды, кішкентай бөлшектерге бөлеміз балапанын денесін жасаймыз.<br>4. Фломастермен көзін, және аяғын саламыз. | |
| **Рефлексия лық-түзетушілік** | Балалар бүгін бізге қонаққа не келді?<br>Балапанның түсі қандай?<br>Қайда саяхат жасадық?<br>Бүгінгі сабақ ұнады ма?<br>Несімен ұнады? | |

**Күтілетін нәтиже:**
**Білуі тиіс:** Жапсырмалау тәсілдерін, умаждау, жырту арқылы балапан бейнесін жасай білуді.
**Игеру тиіс:** Топпен жұмыс, композиция жасай білуді.

**«Өнерлі екен он саусақ» (Вариативтік компонент)**
**Тақырыбы :**Қар кесегі
**Мақсаты:**Балалардың қыс мезгілі, қар туралы түсініктерін кеңейту. Көк түс пен ақ түстің бір-біріне үйлесімділігіне көңіл бөлуді үйрету. Қар кесегін балауызбен салып,оны бояумен бояуды үйрету.Табиғатқа деген сүйіспеншілік сезімдерін арттыру.

| Оқу іс-әрекетінің кезеңдері | Тәрбиешінің іс-әрекеті | Баланың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| **Мотивациялық-қозғаушылық** | **Шаттық шеңбері.**<br>Қыс келді,қыс келді<br>Ақтарып ақ қарды.<br>Дала аппақ түске енді.<br>Аралап қайтайық.<br>Ақ күміс бақтарды<br>Қайырлы таң достарым!<br>Қайырлы таң апайлар! | Балалар тәрбиешімен бірге қайталап айтады. |
| **Ұйымдастырушылық-ізденістік** | **Оқу қызметі жұмбақ жасырудан басталды.**<br>Қыста ғана болады,<br>Ұстасаң қолың тонады,<br>Ол не?<br>Қар жауғанда топ бала<br>Соқтық келіп аққала<br>Мұрын- сәбіз, үп- үшкір,<br>Көзі-көмір, қап-қара<br>Ол не?<br>- Балалар, қазір жылдың қай мезгілі?<br>Қыс мезгілінде неше ай бар?<br>-Қыс айларында табиғатта қандай өзгерістер болады? | Қар<br><br>Аққала<br><br>- Қыс<br>Желтоқсан,қаңтар, ақпан айы.<br>Күн суық болады,қар жауады, аяз |

| | | |
|---|---|---|
| | - Ендеше боран соққанды қимылмен қалай көрсетеміз?<br>- Үскірік аяз болып тоңғанда не істейді?<br>- Ал, күн шыққанда не істейсіңдер?<br>Суреттерді көрсетіп,қысқы табиғаттың ерекшелігін айтамыз.<br>**Слайд.** Ауа-райы.<br>Слайдпен көрсетіп, кляксография әдісімен қар кесегін салу жолдарын көрсету.<br>**Көптілділік**: Қар-снег- snow<br>Бұл кляксография әдісін ақ қағаздарды дайындап алайық.<br>-Балалар балауызды пайдаланып қар ұлпасының суретін саламыз. Ақ сия мен көк сияны араластырамыз сол кезде көкшіл түске айналады.<br>-Осы сияны қағазға тамызып оны түтікшемен үрлейміз.<br>-Сол кезде қар кесегінің суреті дайын болады.<br>**Сергіту сәті видео ролик**<br>**Тақтамен жұмыс**<br>**«Топқа бөлу» дидактикалық ойыны.**<br>**Шарты**:тақтада қысқы киімдер, қысқы құралдар, қысқы ойындар. Суреті ілініп тұрады.<br><br>қысқы киімдер, қысқы құралдар, қысқы ойындартиісті белгілерді жанына орналастырады.<br>**Мақсаты:** қысқы табиғат көрінісін бейнелейтін сөздерді айтқызу. Қысқы табиғат көрінісін, қысқы ойын түрлерін атау. Қоршаған ортаға деген сүйіспеншілігін арттыру. | болады, боран соғады.<br>гу-гу-гу боран соғады<br>Балалар үйде отырады.<br>Далаға шығып шанамен ойнаймыз<br><br>Балалар қайталап айтады.<br><br>Балалар ақ сия мен көк сияны араластырады.<br>Балалар үрлеу әдісімен қар кесегін салады.<br>Балалар қимылмен жасайды.<br><br>Ойын шартымен танысады, тапсырманы орындайды. |
| **Рефекциялық – түзетушілік** | Тәрбиеші сұрақ- жауап жауап арқылы оқу қызметін қортындылады .<br>Балаларды мақтап, мадақтау | Балалар суреттерін тақтаға іліп,көрме ұйымдастырды. |

**Күтілетін нәтиже:**
**Біледі:** балауызбен салу әдісімен қар кесегінің суретін салуды
**Игереді**: қардан әртүрлі бейне жасауды.
**Меңгереді**: қысқы табиғат ерекшеліктерін, тапсырмаларды орындауға, сұрақтарға жауап беруді.

**«Өнерлі екен он саусақ» (Вариативтік компонент)**
**Тақырыбы :**Қар жамылған бұтақ
**Мақсаты:**Балалардың шығармашылық қабілеттері мен қиялдарын дамыту. Дәстүрден тыс мақталы таяқшалармен қардың суретін салуды үйрету.

| **Оқу іс-әрекетінің кезеңдері** | **Тәрбиешінің іс-әрекеті** | **Балаланың іс-әрекеті** |
|---|---|---|
| **Мотивациялық-қозғаушылық** | **Шаттық шеңбері.**<br>Қыс келді,қыс келді<br>Ақтарып ақ қарды.<br>Дала аппақ түске енді.<br>Аралап қайтайық.<br>Ақ күміс бақтарды<br>Қайырлы таң достарым!<br>Қайырлы таң апайлар! | Балалар тәрбиешімен бірге қайталап айтады. |
| **Ұйымдастырушылық-ізденістік** | **Оқу қызметі жұмбақ жасырудан басталды.**<br>Қыста ғана болады,<br>Ұстасаң қолың тонады,<br>Ол не?<br>Қар жауғанда топ бала<br>Соқтық келіп аққала<br>Мұрын- сәбіз, үп- үшкір,<br>Көзі-көмір, қап-қара<br>Ол не?<br>- Балалар, қазір жылдың қай мезгілі?<br>Қыс мезгілінде неше ай бар?<br>-Қыс айларында табиғатта қандай өзгерістер болады?<br>- Ендеше боран соққанды қимылмен қалай көрсетеміз?<br>- Үскірік аяз болып тоңғанда не істейді?<br>- Ал, күн шыққанда не істейсіңдер?<br>Суреттерді көрсетіп,қысқы табиғаттың ерекшелігін айтамыз.<br>**Слайд.** Ауа-райы.<br>Слайдпен көрсетіп, кляксография әдісімен қар кесегін салу жолдарын көрсету.<br>**Көптілділік**: Қар-снег- snow<br>Бұл кляксография әдісін ақ қағаздарды дайындап алайық.<br>-Балалар ақ сия мен көк сияны араластырамыз сол кезде көкшіл түске айналады. | Қар<br><br>Аққала<br><br>- Қыс<br>Желтоқсан,қаңтар, ақпан айы.<br>Күн суық болады,қар жауады, аяз болады, боран соғады.<br>гу-гу-гу боран соғады<br><br>Балалар үйде отырады.<br><br>Далаға шығып шанамен ойнаймыз<br><br>Балалар қайталап айтады.<br><br>Балалар ақ сия мен көк сияны араластырады. |

| | | |
|---|---|---|
| | -Осы сияны қағазға тамызып оны түтікшемен үрлейміз.<br><br>-Сол кезде қар кесегінің суреті дайын болады.<br>**Сергіту сәті видео ролик**<br>**Тақтамен жұмыс**<br>**«Топқа бөлу» дидактикалық ойыны.**<br>**Шарты**:тақтада қысқы киімдер, қысқы құралдар, қысқы ойындар. Суреті ілініп тұрады. қысқы киімдер, қысқы құралдар, қысқы ойындартиісті белгілерді жанына орналастырады.<br>**Мақсаты:** қысқы табиғат көрінісін бейнелейтін сөздерді айтқызу. Қысқы табиғат көрінісін, қысқы ойын түрлерін атау. Қоршаған ортаға деген сүйіспеншілігін арттыру. | Балалар үрлеу әдісімен қар кесегін салады.<br><br>Балалар қимылмен жасайды.<br><br>Ойын шартымен танысады, тапсырманы орындайды. |
| **Рефекциялық – түзетушілік** | Тәрбиеші сұрақ- жауап жауап арқылы оқу қызметін қортындылады . Балаларды мақтап, мадақтау | Балалар суреттерін тақтаға іліп,көрме ұйымдастырды. |

**Күтілетін нәтиже:Біледі:** кляксография әдісімен қар кесегінің суретін салуды
**Игереді**: қардан әртүрлі бейне жасауды.
**Меңгереді**: қысқы табиғат ерекшеліктерін, тапсырмаларды орындауға, сұрақтарға жауап беруді.

**«Өнерлі екен он саусақ» (Вариативтік компонент)**
**Тақырыбы :**Стакан
**Мақсаты:**Қатты қағазды бүктеп жапсыру арқылы жасау.

| Оқу іс-әрекетінің кезеңдері | Тәрбиешінің іс-әрекеті | Балаланың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| **отивациялық-қозғаушылық**<br><br><br>**Ұйымдастырушылық-ізденістік** | **Шаттық шеңбері:**<br>Мысалы: Армысың қайырымды аспан-ата!<br>Армысың мейірімді жер-ана!<br>Армысың шұғылалы алтын күнім!<br>Армысың балабақшам, дос-жараным!<br>**Балаларға жұмбақ жасыру:**<br>Кесе, шыны, пиала- | Өлең жолдарын қайталайды. |

| | | |
|---|---|---|
| **Рефекциялық – түзетушілік** | Оларсыз шай құя ма?<br>Қасықсыз тамақ жемейді,<br>Бәрінің атын не дейді?**(Ыдыс)**<br>Балаларға ыдыс-аяқтың суреттерін көрсетіп,әңгімелеу.<br>Тәрбиеші:Балалар, стакандар әр түрлі болады (үлкен, кішкентай) және де олардың түстері де әр-түрлі болады. Мысалы: ақ, сары, көк.<br>Стаканның үстіңгі жағы жалпақ кең, ал төменгі жағы кішірек болады.<br>Стаканның түбінде шұңқыры болады.<br>Стаканды қалай лентадан жасайтынын балаларға түсіндіру.<br>1.Жоғарғы жағы төменгі жағынан 1 см енділеу 6 лентаны біріктіру<br>2.Стаканның түбіне дайын дөңгелек пішінді желіммен біріктіру.<br>3.Дайын стаканды қалаған түспен бояу.<br>4.Саусақпен стаканды әсемдеу.<br>**Сергіту сәті:**<br>Ал, балалар тұрайық<br>Алақанды ұрайық.<br>Оңға қарай иіліп<br>Солға қарай иіліп.<br>Бір отырып, бір тұрып<br>Бір тұнығып алайық.<br>Балалар дербес жұмыс жасайды.<br>Қиналған балаларға жеке көмек көрсету. Дайын жұмыстармен көрме ұйымдастыру.<br>Сабақтың қорытындысы.<br>- Балалар біз бүгінгі сабақта не жасадық?<br>- Бір сөзбен не дейміз?<br>- Ыдыстар.<br>Сұрақ – жауап арқылы сабақты бекіту. Сабаққа белсене қатысқан балаларды мақтау, мадақтау. | Жұмбақты шешеді.<br><br>Тыңдайды.<br><br>Сергіту сәтін орындайды.<br><br>Дербес жұмыс жасайды.<br><br>Стакан |

**Күтілетін нәтиже:**
**Білу:**Ыдыс-аяқтарды атай білуі;
**Игеру:**Стакан жасау тәсілін игерілуі;
**Меңгеру:** Жұмысты басынан аяғына дейін бітіріп аяқтауды меңгерілуі;

**«Өнерлі екен он саусақ» (Вариативтік компонент)**
**Тақырыбы :**Сиқырлы ағаш (ұжымдық жұмыс)

**Мақсаты:**Алақанмен сурет салу қабілетін бекіту.Әр түрлі түсті қолдана білуге үйрету.Ұқыпты сурет салуға тәрбиелеу.

| **Оқу қызметінің кезеңі** | **Тәрбиешінің іс-әрекеті** | **Балалардың іс-әрекеті** |
|---|---|---|
| Мотивациялық-қозғаушы | Балаларды жинақтап апайлармен амандасып,бір-бірлеріне жылы лебіздерін білдіру.<br>Білгеніме қарашы ,Сәлем сөздің анасы,<br>Алдымыздан кезіккен ,<br>Көп апайды қарашы.<br>Салеметсіздерме апайлар,<br>Сәлеметсіздерме достарым!<br>Балалар бір-бірлерінің қолдарынан ұстап бәрі бір-біріне қарап жымиады. | Балалар апайлармен амандасады,қи-мылмен орындайды. |
| Ұйымдастыру шылық-іздеуші | -Балалар алақанымызды көрсетейікші,қане алақандарыңды көрсетіңдерші?<br>-Біз қолымызбен не істейміз?<br>-Тамақ жейтін кезде қасықты қайда ұстаймыз?<br>-Балалар барлық қызметті осы қолымыз арқылы жасаймыз.<br>-Ендеше біздің бүгінгі оқу қызметінде де қолымыз ерекше қызмет атқарады.<br>Бүгін біз алақанмен «Сиқырлы ағаштың» сурет салуды үйренейік .<br>-Ендеше экранға назар аударайық.<br>-Слайд арқылы бірнеше суреттер көрсетіледі.<br>-Балаларға осылардың ішінен оңайлау үлгілерін алып, алақанмен түрлі -түсті бояулардың көмегімен салуды үйренейік.<br>-Мына ыдыста түрлі түсті бояулар бар .<br>-Енді осы дайын болған түске алақанымызды батырып алып,оны қағаз бетіне басамыз. Қолымызды алып ненің бейнесі шыққанын қараймыз.<br>-Балалар дайын болған жұмыстарын апайларға апарып көрсетеді.<br>Сергіту сәті: «Бала-бала,балақан» әнін орындайды.<br>Бала-бала,балақан ,<br>Қане қайсы алақан ?<br>Саусақтарың әйбат,<br>Былай-былай ойнат.<br>Топ-топ басайық<br>Жалаудан күн жасайық,<br>Жаса-жаса, Алтын аүн,<br>Жаса-жаса, Жарқын күн. | Алақандарын жаяды<br><br>Экраннан алақанмен салынған бірнеше бейнелердің суреттерін көреді.<br>Апаймен бірлесе отырып ақ қағазға алақандарымен сурет салады.<br>Апайлар бағасын береді.<br><br>-Шаплақтың Балалар қолдаран шапалақтайды. |
| Рефлексті-түзетуші | -Балаларға сұрақ қоя отырып, алақанмен ненің суреттерін салғандарын айтып өту.<br>-Гипстен жасалған алақанға қолдарын қойып іштей тілектерін тілеу. | Алақанға қолдарын қойып тілек тілейді. |

**Күтілетін нәтиже:**
**Жасайды:**Балалар үлкендердің көмегімен түрлі бейнелерді;
**Түсінеді:**Алақанмен сурет салудың әдіс-тәсілдерін**;**
**Қолданады:**Түрлі-түсті бояуларға алақандарын салып, оны ақ қағаз бетіне түсіруді;

**«Өнерлі екен он саусақ» (Вариативтік компонент)**
**Тақырыбы :**Көңілді сайқымазақ
**Мақсаты:**Түстерді ажырата білуге,саусақпен дөңгелек пішінді заттарды салуға үйрету.Тазалыққа тәрбиелеу.

| **Әрекет кезеңдері** | **Тәрбиешінің іс-әрекеті** | **Баланың іс-әрекеті** |
|---|---|---|
| **Мотивациялық қозғаушы** | Ұйымдастыру | Құрал-жабдықтарын дайындайды. |
| **Іздену – ұйымдастыру-шылық** | Сабақтың барысы:<br>Балаларға сайқымазақтың бейнесін көрсетіп, оның еңбегі жайлы айту.<br>Сендер сайқымазақты көрдіңдерме?<br>Ол қандай?<br>1.Парақ қағазды дәл ортасынан қарындашпентүзу сызып бөлеміз, жоғарғы және төменгі бөліктері бірдей болуы керек. Содан кейін, жоғарыдан төмен қарай түзу сызықты жүргіземіз, яғни оң және сол жағы бірдей тең болуы керек.<br>2. Бірінші жоғары бөлігіне көзі , екінші бөлігіне мұрны мен аузын орналастырамыз. Олардың бәрі де түрлі түсті сызықтармен өрнек тәрізді орналасады.<br>3. Көздің орнына көк түсті дөңгелектер саламын, мұрынның орнына екі жасыл түсті жолақ орналастырамын, ал ауыздың орнына қызыл түсті сопақша дөңгелек, яғни қияр болып келетін бейнені созып саламын. Көзі әдемі болып көріну үшін оған қара түсті дақтарды салу керек.<br>4. Бетперде әдемі болу үшін оның қалған бос бөліктерінің бәрін әшекейлеймін: маңдайы, жақтары т.б. Екі жағы симметриялы тең болып орналасуына көңіл бөлеміз.<br>Сергіту сәті | Сұрақтарға жауап береді<br><br>Балалардың өз бетінше жұмыстары<br><br>Балалар үлгі бойынша жұмысты орындайды. |
| **Рефлексивті-корригиялық** | Қорытындылау<br>Балалардың жұмыстарын талдау<br>Мадақтау | Жұмыстарын тақтаның алдына қойып, талдайды. |

**Болжамды нәтиже:**
**Білу керек:**Сайқымазақ суретін салуды біледі.
**Қалыптасқан әдет:** Әдемілікті , көркемдікті сезіну талғамы қалыптасты.

**«Өнерлі екен он саусақ» (Вариативтік компонент)**
**Тақырыбы :**Гүл
**Мақсаты:**Балалардың кол маторикасы дамыту. Мақталы дискімен сурет салуды үйрету.Ұқыпты сурет салуға дағдыландыру.
**Көрнекіліктер:** Гүл, суреттер, үлгі,гуашь, қақпақтар, мақталы дискілер, бояулар, сулы сүлгілер, А4- қағаздар, кеспе қалдығы.

| **Іс-әрекет кезеңдері** | **Тәрбиешінің іс –әрекеттері** | **Балалардың іс –әрекеттері** |
|---|---|---|
| **Мотивациялық –қозғаушылық**<br><br><br><br>**Ұйымдастырушылық-ізденістік** | **Шаттық шеңбері!**<br>Табиғатқа қамқор боп,<br>Байлығын біз қорғаймыз.<br>Әдепті де,тәртіпті боп.<br>Жақсылығын қолдаймыз.<br><br>**Жұмбақ:**<br>-Тегіс тасқа да,<br>Жұмсақ жерге де<br>Терең жайып тамырын<br>Жайқалып ол өседі.<br>-Қазір жылдың қандай мезгілі?<br>-Көктем мезгілінде қандай мерекелер бар?<br><br>Ең бірінші көктемгі мереке қандай?<br>-Біз 8 Наурыз мерекесінде аналарымызға, әжелерімізге, әпкелерімізге,апайларымызға не сыйлаймыз?<br>(Есік қағып, бағбан кіріп келеді)<br>**Бағбан:**<br>-Сәлеметсіздер ме, балалар!<br>-Мен бағбанмын. Балалар, мен гүлдерді өсіремін, суарамын, қопсытамын, гүлге су себемін, сүлгімен шаңын сүртемін. Осының барлығын бір сөзбен айтқанда мен гүлдердің әдемі болып өсуін қадағалаймын.<br>-Балалар сендер бүгін ненің суретін саласыңдар?<br>-Балалар, қандай керемет менде сурет салғанды жақсы көремін. Сендермен бірге сурет салуға рұқсат бересіңдер ме?<br>**Тәрбиеші:**<br>-Балалар, мына суреттен нені көріп тұрсыңдар?<br>-Ендеше үлгіге қарап гүлдің суреттерін салайық. Екі топқа бөлінеміз.<br>-Бағбан, бірінші топпен сурет салыңыз, мен екінші топпен бірге сурет саламын.<br>**Сурет салу әдісі:**<br>1.Ұнаған түсті таңдау.<br>2.Әрбір бейнеленген гүлдің суретіне мақталы дискімен күлтешелерін суреттеу.<br>3.Кеспе қалдығынан жапырақтың ізін | Балалар шаттық шеңберін орындайды.<br><br><br><br>-Көктем мезгілі<br><br>-8 Наурыз –Халық аралық әйелдер күні.<br><br>-Гүл сыйлаймыз.<br><br>-Сәлеметсіз бе?!<br><br>-Мұқият тыңдайды.<br><br>-Гүлдің суретін саламыз.<br><br>-Әрине рұқсат береміз.<br><br>1.Түсті таңдайды.<br>2.Мақталы дискімен бастыру арқылы гүлдің суретін салады. |

| | | |
|---|---|---|
| <br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br>**Рефлексивтік - коррекциялау** | қалдыру.<br>**Сергіту сәті.**<br>Гүл болып өсеміз<br>Гүл болып ашыламыз<br>Гүл болып жайқаламыз<br>Гүл болып жабыламыз<br>**Бағбан:**<br>-Балалар сендермен сурет салған өте қызық, бірақ маған үйге бару керек. Гүлдерге су құятын уақыт жетіп қалды. Сау болыңдар, балалар!<br>**«Кім жылдам?»**<br>**Шарты:** Балалар екі топқа бөлініп,гүлдерді құрастырады.<br>**«Көбелектер»**<br>**Шарты:** Балалар «көбелектер» ұшты дегенде,ұшады. «гүлге қонды» дегенде гүлге қонады.<br><br>–Барлық балаларға жақсы әсер қалдыру үшін қағаздан жасалған көбелектерді сыйлық ретінде таратып беру және мадақтау. | 3.Кеспе қалдығынан жапырақтың ізін бастырады.<br><br><br><br>-Сау болыңыз!<br><br><br>-Балалар ойынды шартына байланысты ойнайды. |

**Күтілетін нәтиже:**
**Білу керек**: Гүл туралы жалпы түсінік.
**Меңгеру керек:** Гүлдің ерекшліктері мен қасиеттерін.
**Жасай алады:** Ойындарды шартына байланысты ойнай алады.

**«Өнерлі екен он саусақ» (Вариативтік компонент)**
**Тақырыбы :**Гүлдер. Қағаздан біріктіру
**Мақсаты:** Өзқолдарыменқағазданәртүрлігүлдержасауғаүйрету. Шаршықағаздытеңестіре, тігінен, көлденеңненбүктеудағдыларынжетілдіру

| **Әрекет кезендері** | **Тәрбиешініңіс әрекеті** | **Балалардың іс-әрекеті.** |
|---|---|---|
| **Мотивациялық қозғаушы** | Балалар бізге Қоян келіпті.Балалар қоянның көңілі жоқ екен?<br>Сұрап көрейік неге жабырқаулы екен?<br>Қоян анасына мейрамға қандай ашықхат жасайтынын білмей жүр.<br>Аналарыңды жақсы көресіңдерме? | Балалар қоянға назар аударады Қандай сыйлық жасайтынын айтып береді. |

| | | |
|---|---|---|
| **Іздену ұйымдастырушы.** | Балалар мейрамға ашықхат жасайық,оның түрлерін қарап көрейік.<br>Шын көңілден жасаған сый қымбат болады.<br>Суретке назар аударайық.<br>Гүлді қараңдаршы.<br>Гүлдің пішіні қандай?<br>Түсі қандай?<br>Сабақтары мен жапырақтары қандай?<br>Пластикалық жаттығу: «Гүлдің қауызы»<br>Гүлдің бейнесін қимылмен ұсыну.<br>Гүлдің жасалу әдіс-тәсілдерін түсіндіру<br>-алдымен дайындаған қағазымызды ортасынан төменге дейін біріктіріп,дәл ортасынан қайшымен қиямыз.<br>Енді бізге гүлдің сабағы керек.Жасыл түсті қағазды алып,гүлдің сабағын қиямыз.<br>Тіктөртбұрышты қағазды алып,одан жапырақтың жобасын жасаймыз.<br>Бұрыштарын абайлап кесеміз.<br>Құмыраға арналған қағазды алып ,бұны бүктеп,дәл ортасынан қиямыз.<br>Бірінші құмыраны ,одан кейін гүлдің сабағын,гүл бөлігі мен жапырақтарын орналастырамыз.<br>Енді желіммен жайлап жапсырамыз<br>гүл-цветы,ашықхат-конваерт,сыйлық-подарки<br>**Сергіту сәті**<br>1,2,3 – қолымызды созайық,<br>4,5,6- көбелекке ұқсайық.<br>7,8,9 – ұшып,ұшып алайық.<br>Қолымды сырғытып төменге,<br>Солға иіліп, түзелем,<br>Енді үш - төрт дегенде,<br>Оңға иіліп – түзелем. | Балалар суретке қарап,гүлді сипаттайды<br>Қызыл,сары<br><br>Қолдарымен көрсетеді.<br><br>Гүлдің жасалу жолдарын түсініп меңгереді<br><br>Қайталайды<br><br>Қимылын жасайыды<br><br>Ашықхат жасаймыз<br>Гүлдерді,сабағын,ашықхатты қиямыз. |
| **Рефлексивті коррекциялаушы** | Балалар Қоянның көңілі көтеріліп қалды.Балалар сендер аналарыңды өте қатты жақсы көреді екенсіңдер.Сүйіспеншілік пен құрметіміз,нәзіктік сезіледі. | Қуаныштарын білдіреді. |

**Күтілетін нәтиже**
**Білу керек:**Геометриялық пішіндерді қиып,гүлдерден ашықхат жасайды.
**Меңгеру керек:**еңбектену арқылы жақындарына қуаныш сезімін сыйлай алытындарын

.

**«Өнерлі екен он саусақ» (Вариативтік компонент)**
**Тақырыбы :**Алма
**Мақсаты:**Қағазды бүктеу арқылы алма жасауды үйрету.Бүктеген жерге ұқыпты желім жағуды үйрету.Тазалыққы тәрбиелеу.

| Әрекет кезендері | Тәрбиешініңіс әрекеті | Балалардың іс-әрекеті. |
|---|---|---|
| **Мотивациялық қозғаушы** | - Балалар, қазір жылдың қай мезгілі?<br>- Күз мезгілі туралы өлең оқып берейін:<br>- Берексін сыйлауға,<br>- Өлкемізге күз келді.<br>- Жемістерін жинауға,<br>- Шақырады біздерді. | |
| **Іздену ұйымдастырушы.** | - Күз мезгілі нелер піседі?<br>- Өздерің айтқандай, жеміс-жидек, көкөністердің қайда өсетініне тоқталайық.<br>Дидактикалық ойын:<br>- «Не қайда өседі?» Жеміс-жидектер, көкөністер.<br>-Гүлбаршын Әлімбаеваның «Алма бағында» әңгімесін оқып берейін:<br>- Алма қандай?<br>- Қандай пішінді?<br>- Қандай түсті?<br>**Сергіту сәті:** (саусақ жаттығуы)<br>Оң қолымда бес саусақ,<br>Сол қолымда бес саусақ.<br>Қосып,едім барлығын,<br>Болып шықты он саусақ.<br>-Біз, бүгін шаршы пішінінің төрт бұрышын қайшымен қию арқылы алма жасаймыз.<br>- Ол үшін қызыл, жасыл, сары шаршы пішінді қағаз, желім, жасыл түсті қағаздан қиылған жапырақша, сүрткіш, ақ бетше керек.<br>- Алдымен шаршының төрт бұрышын қиып, домалақ пішін жасап, ақ бетшенің ортасына жабыстырамыз. Сосын жасыл жапырағын жабыстырамыз.<br>**Дидактикалық ойын:**<br>«Кім көп жеміс жинайды?»<br>-Балалар әңгімені тыңдап, сұраққа жауап береді. Қызыл шаршының төрт бұрышын қию арқылы,домалақ пішіннен алма бейнесін жасап,ақ бетшеге жабыстырады. Жапырағын жабыстырады. | Көкөністер бақшада, жеміс-жидектер ағашта.<br><br>Алма домалақ.<br>Алма бағы туралы.<br>Жемісін жеу үшін.<br>Дәмді, дәруменді.<br>Жасыл, сары, қызыл |
| **Рефлексивті коррекциялаушы** | **Балалар қызметінің нәтижелерін талдау:**<br>«Галереяны шарлау»:<br>- Балалар, бүгін біз оқу іс – әрекетінде не істедік?<br>Балалар бір-біріне баға береді. | |

**Біледі:** Көкөніс пен жеміс-жидектердіңқайда өсетінін.
Меңгереді: Шаршыдан домалақ пішінді қиып жасауды.

**«Өнерлі екен он саусақ» (Вариативтік компонент)**
**Тақырыбы :**Күннің көзі
**Мақсаты:** Сары түстіқағазды «Түйіршіктеу» әдісі арқылы жасау.

| **Әрекет кезеңдері** | **Тәрбиешінің іс- әрекеті** | **Балалардың іс- әрекеті** |
|---|---|---|
| **Мотивациялық-Қозғаушылық**<br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br>**Ұйымдастыру-шылық–ізденістік** | **Жылулық шеңбері:**<br>Алтын таңның шуағы<br>Бақыт үшін туады<br>Қайырлы таң қонақтар<br>Жарық күннің тұрағы!<br>**Жұмбақ**<br>Аспандағы сары доп<br>Жарқырайды жарық боп<br>(Күн)<br>-Балалар біздің оқу іс- әрекетіміздің тақырыбы «Күннің көзі».<br>-Балалар күннің түсі қандай?<br>-Күннің пішіні қандай?<br>Жарайсыңдар балалар!<br>Ендеше, балалар «Күннің көзін» жасайықшы.<br>**Мақсаты:** балаларға күннің суретін «түйіршіктеу» әдісітүсіндіру,балалардың бірлесіп жұмыс жасау қызметін арттыру.<br>**Көрнекілігі:** Үлгі сурет, ақ және сары парақ, желім, сүлгі.<br>**Дидактикалық ойын**<br>«Тез тап»<br>Ойының шарты<br>Сұрақтарға тез жауап беріп, күнді ашу.<br>**Қорытынды**<br>-Балалар біз ненің суретін салдық?<br>-Қандай пішінді пайдаландық?<br>-Күн бізге несін береді?<br>Тәрбиеші сұрақтарға жақсы жауап берген балаларды мадақтайды.<br>Ән **«Әрқашан күн сөнбесін»** | Балалар қимыл іс- әрекетімен бірге айтып қайталайды.<br><br><br>Жұмбақтың шешуін айтады.<br><br>-Сары түсті.<br>Дөңгелек пішінді.<br>Балалар сурет бойынша әңгімелейді.<br><br><br>Балалар күннің суретін «түйіршіктеу» әдісімен жасайды.<br><br><br>-Күннің суретін салдық.<br>-Дөңгелек.<br>Жылуын береді. |

**Күтілетін нәтиже**:
**Біледі:** Дөңгелек пішінді
**Игереді:** Дөңгелек пішін арқылы күннің көзін бейнелеуді.
**Меңгереді:** Саусақ ұшымен сурет салуды.

**«Өнерлі екен он саусақ» (Вариативтік компонент)**
**Тақырыбы :**Ыдыстағы гүл
**Мақсаты:**Алақанның таңбасын салуды үйрету және белгілі бір образға дейін сурет салу.

| **Іс-әрекет кезеңдері** | **Тәрбиешінің іс –әрекеттері** | **Балалардың іс –әрекеттері** |
|---|---|---|
| **Мотивациялық – қозғаушылық**<br><br><br><br>**Ұйымдастырушылық-ізденістік** | **Шаттық шеңбері!**<br>Табиғатқа қамқор боп,<br>Байлығын біз қорғаймыз.<br>Әдепті де,тәртіпті боп.<br>Жақсылығын қолдаймыз.<br>**Жұмбақ:**<br>-Тегіс тасқа да,<br>Жұмсақ жерге де<br>Терең жайып тамырын<br>Жайқалып ол өседі.<br>-Қазір жылдың қандай мезгілі?<br>-Көктем мезгілінде қандай мерекелер бар?<br>Ең бірінші көктемгі мереке қандай?<br>-Біз 8 Наурыз мерекесінде аналарымызға, әжелерімізге, әпкелерімізге,апайларымызға не сыйлаймыз?<br>(Есік қағып, бағбан кіріп келеді)<br>**Бағбан:**<br>-Сәлеметсіздер ме, балалар!<br>-Мен бағбанмын. Балалар, мен гүлдерді өсіремін, суарамын, қопсытамын, гүлге су себемін, сүлгімен шаңын сүртемін. Осының барлығын бір сөзбен айтқанда мен гүлдердің әдемі болып өсуін қадағалаймын.<br>-Балалар сендер бүгін ненің суретін саласыңдар?<br>-Балалар, қандай керемет менде сурет салғанды жақсы көремін. Сендермен бірге сурет салуға рұқсат бересіңдер ме?<br>**Тәрбиеші:**<br>-Балалар, мына суреттен нені көріп тұрсыңдар?<br>-Ендеше үлгіге қарап гүлдің суреттерін салайық. Екі топқа бөлінеміз.<br>-Бағбан, бірінші топпен сурет салыңыз, мен екінші топпен бірге сурет саламын.<br>**Сурет салу әдісі:**<br>1.Ұнаған түсті таңдау.<br>2.Қағаздың ортасына қақпақпен гүлдің бейнесін келтіре отырып із қалдыру арқылы сурет салу.<br>3.Алақанмен гүлдің бейнесін келтіре отырып із қалдыру арқылы сурет салу.<br>4.Әрбір бейнеленген гүлдің суретіне мақталы таяқшамен сабағын суреттеу.<br>6.Кеспе қалдығынан жапырақтың ізін қалдыру.<br>Гүл болып өсеміз | Балалар шаттық шеңберін орындайды.<br><br><br><br><br><br><br><br>-Көктем мезгілі<br>-8 Наурыз – Халық аралық әйелдер күні.<br><br>-Гүл сыйлаймыз.<br>-Сәлеметсіз бе?!<br><br><br><br><br>-Мұқият тыңдайды.<br><br><br>-Гүлдің суретін саламыз.<br><br><br>-Әрине рұқсат береміз.<br><br><br>-Гүлдің суреттерін<br><br><br><br><br>1.Түсті таңдайды.<br>2.Қақпақпен |

| | | |
|---|---|---|
| **Дамытушылық – ізденушілік**<br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br>**Рефлексивтік - коррекциялау** | Гүл болып ашыламыз<br>Гүл болып жайқаламыз<br><br>Гүл болып жабыламыз<br>-Сурет салуды аяқтау.<br>**Бағбан:**<br>-Балалар сендермен сурет салған өте қызық, бірақ маған үйге бару керек. Гүлдерге су құятын уақыт жетіп қалды. Сау болыңдар, балалар!<br>**«Кім жылдам?»**<br>**Шарты:** Балалар екі топқа бөлініп,гүлдерді құрастырады.<br>**«Көбелектер»**<br>**Шарты:** Балалар «көбелектер» ұшты дегенде,ұшады. «гүлге қонды» дегенде гүлге қонады.<br><br>–Барлық балаларға жақсы әсер қалдыру үшін қағаздан жасалған көбелектерді сыйлық ретінде таратып беру және мадақтау.<br><br>-Балалар, сендерге сабақ ұнады ма?<br>-Балалар бүгінгі сабақ не туралы болды?<br>-Бізге қонаққа кім келді?<br>Балалардың жұмыстарынан көрме ұйымдастыру. | бастыру арқылы гүлдің суретін<br><br>салады.<br>3.Алақанмен гүлдің бейнесін келтіре отырып із қалдыру арқылы сурет салады.<br>4.Әрбір бейнеленген гүлдің суретіне мақталы таяқшамен сабағын салады<br>6.Кеспе қалдығынан жапырақтың ізін бастырады.<br>Балалардың жауаптары. |

**Күтілетін нәтиже:**
**Білу керек**: Гүл туралы жалпы түсінік.
**Меңгеру керек:** Үш тілде «гүл» сөзін айтуды. Гүлдің ерекшліктері мен қасиеттерін.
**Жасай алады:** Ойындарды шартына байланысты ойнай алады.

**«Өнерлі екен он саусақ» (Вариативтік компонент)**
**Тақырыбы :**Құстарға арналған үйшік
**Мақсаты:** Қаттықағаздanүйшікжасау.Ұжымменжұмыс.

| Іс-әрекет кезеңдері | Тәрбиешінің іс - әрекеті | Балалардың іс- әрекеті |
|---|---|---|
| **Мотивациялық қозғаушылық** | Бізге қонақтар келді амндасамыз.<br>Енді біз дене мүшелерімізге тілек білдірейік<br>Қайырлы таң, көздерім ,<br>Қайырлы таң,құлақтарым,<br>Қайырлы таң,қолдарым,<br>Қайырлы таң,аяқтарым,<br>Енді топырлатып жүреміз. | Шеңбер бойына тұрып, қимыл жасайды және тәрбиешімен бірге сөздерді қайталайды. |
| **Ұйымдастыру іздестіру** | Әр кімде өз үй бар<br>Үйшікте ұйықтап жатыр күшік Том<br>Қорада тауық балапандарымен<br>Інінде шиқылдауық тышқан отыр<br>Қандай әдемі үй!<br>Осы әдемі үйде тұрады? Тыңдайықшы, ненің дауысы шығады екен?<br>Балалар, орманға немен барамыз. Пойызбен.<br>**Сергіту сәті:**<br>Қатар, қатар тұрайық,<br>Пойызды біз құрайық<br>Пш-пш-пш біз кеттік.<br>Біз орманға келдік.<br>Орман іші қандай ғажап! Самал жел желпіп таза ауа тынысын сезесіңдер. Бір минутке тоқтап жан жаққа қарап, табиғаттың сылулығын тамашалаңдар. Айналаға қараңдаршы, мүмкін құстар осы жерде шығар.<br>Орманда табала алмадық. Ағаштардан іздеп көрейікші. Балалар, құстарды таптық, енді оған әдеміүйшік жасап берейік. Мен сала бастаймын , сендер көмектесіңдер.<br>Қатты қағазды аламын. Бұл үйдің едені болады. Ал енді мен екінші қағазды тік қоямын- үйдің қабырғасы болады. Екінші қағазды екінші жағына қоямын. Үшінші қағазды үстіне көлденен қоямын –үйдің төбесі шықты<br>Үшбұрыш –үйдің шатыры болады.<br>Жеке жұмыс | Дайын болған құрлысқа ұсақ ойыншықтарымен ойнау арқылы сабақ жалғасады. Өздері құрастырған үйге қандай ойыншықты кіргізетінін сұрайды. Балалар ұсақ ойыншықтарын көтеріп көрсетеді. |
| **Рефлексивті - түзетушілік** | Балалардың өздері<br>не жасағандары жайында сұрайды, құрылыстарының аттарын атауды, қандай құрылысматериалдарын пайдаланғанын айтқызады. | Балалар өздерінің жасаған құрылыстары жайында көңіл күйлерін білдіреді. Не жасағанын айтады |

**Күтілетін нәтиже:**
**Біледі:** үй жасауды меңгереді және оны іс-әрекет барысында көрсете алады;
**Игереді:** үй жасауға қандай құрылыс материалдарын пайдаланатынын түсінеді; **Меңгереді:** құрылыс материалдарымен жұмыс жасауды оның көлемі, пішініне сәйкес кеңістікте дұрыс орналастыра білуге дағдыланады.

**«Өнерлі екен он саусақ» (Вариативтік компонент)**
**Тақырыбы :**Ара
**Мақсаты:**Балаларға жапсырмалау туралы түсінік беру және жапсырмалар жасап үйрету, балалардың қол моторикасын, қиялын дамыту. Желімен ұқыпты жұмыс жасауға дағдыландыру.

| **Іс-әрекет кезеңдері** | **Тәрбиешінің іс - әрекеті** | **Балалардың іс- әрекеті** |
|---|---|---|
| **Мотивациялық қозғаушылық** | Шаттық шеңбері<br>Қайырлы күн, көк аспан!<br>Қайырлы күн, жер ана!<br>Қайырлы күн, жан досым!<br>Жылуыма жылу қос<br>Міне менің қолым! | |
| **Ұйымдастыру іздестіру** | Балалар, ортаға бір бала шығып сиқырлы қораптың ішінен суреттер таңдасын. Сол суретке байланысты жұмбақ жасырсын.<br>**Жұмбақ:**<br>Беретұғын балы бар,<br>Шағып алса – зәрі бар.<br>**(Бал арасы)**<br>Балалар бізге қонаққа ара келді. Бәріміз арамен танысып, бір жылы сөз айтайық.<br>Балалар біз араға қонаққа барайық. Аралар көгалда гүлдерден бал жинап жүр. Олар қандай әдемі, еңбекқор. Оларды біз әр қашанда аялауымыз керек. Еңбектерін бағалауымыз керек.<br>Енді біз, қағаздың бетіне көгалдағы араны жапсырайық.<br>**Сергіту сәті:**<br>Бас бармағым алғашқы<br>Балан үйрек жалғасы<br>Ортан терек жалғасы<br>Шылдыр шүмек кезекші<br>Кішкентай шынашақ<br>Жұмыс істеу барысы:<br>1. Балалар, бірінші біз көк түсті қағазды кішкентай бөлшектерге бөлеміз. Ол бізде бұлт болады<br>2. Жасыл түсті қағазды кішкентай бөлшектерге бөлеміз . Ол бізде шөп болады.<br>3. Сары және қара түсті қағазды, кішкентай бөлшектерге бөлеміз араның денесін жасаймыз.<br>4. Фломастермен көзін, және аяғын саламыз. | Менің атым Айша. |
| **Рефлексивті - түзетушілік** | Балалар бүгін бізге қонаққа не келді? Араның түсі қандай?<br>Қайда саяхат жасадық?<br>Бүгінгі сабақ ұнады ма?<br>Несімен ұнады? | |

**Күтілетін нәтиже:**
**Білуі тиіс:** Жапсырмалау тәсілдерін, умаждау, жырту арқылы араның бейнесін жасай

білуді.
**Игеру тиіс:** Топпен жұмыс, композиция жасай білуді.

**«Өнерлі екен он саусақ» (Вариативтік компонент)**
**Тақырыбы :**Зымыран
**Мақсаты:** Оригамиәдісіарқылызымыранжасап, қаттыкөгілдіртүскежапсыру.

| Іс-әрекет кезеңдері | Педагогтің іс-әрекеті | Балалардың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| Кіріспе бөлім | **Жылулық шеңбері.**<br>Армысың асыл күн!<br>Армысың асыл жер!<br>Армысың көк аспан!<br>Армысың достарым!<br>Жылуыңа жылу қос.<br>(Балалар шеңберге жиналып, қызығушылықпен айтады).<br>-Балалар қазір жылдың қай мезгілі?<br>-Көктемде табиғат қандай құбылыстарға өзгереді?<br>-Көктемнің неше айы бар? Айларын атаңдар.<br>-Сәуір айында қандай мереке бар, естеріңе түсіріңдерші?<br>-Иә, бұл сәуір айында үлкен мереке бар. Ол – ғарышкерлер күні деп аталады. | Балалар өздеріне зымырандарды таңдайды.<br>«Зымыран» сөзін қайталайды.<br><br>Берілген сұрақтарға жауап береді |
| Негізгі бөлім | -Балалар, қараңдаршы, бізге Белка атты ит келіпті. Ол айға ұшпақшы екен. Айға ұшу үшін не керек?<br>-Ал ендеше біз Белкаға зымыран жасауға көмектесейік.<br>Балаллар өздеріне ұнаған түсте қағаздарды таңдап, зымыранды оригами әдісін пайдаланып жасайды.<br>Дайын зымыранды көк қағазға жапсырады.<br>**Сергіту сәті.**<br>Тұрып қалмай жантайып,<br>Бір еңкейіп, шалқайып,<br>Жылдам-жылдам қозғалып,<br>Асқақ әндер айтайық.<br>**Ойын: «Жұлдызды аспан әлемін құрастыру»**<br>**Ойын шарты:** балалардың алдына аспанда болатын және жерде болатын денелердің арасынан тек аспанда болатын денелерді табу. Мысалы: гүл жерде, ай аспанда т.б.<br>**Жаңылтпаш.**<br>Ғарышкер ұшты ғарышқа,<br>Ғарышқа ұшты ғарышкер,<br>Айтшы, ғарыш алыс па?<br>-Балалар, Белка сендерге риза болып, алғысын айтып жатыр. Белкамен қоштасып, Айға сәтті ұшуын тілейік. | Зымыран<br><br>Жауап береді: Қызыл, сары, жасыл, көк,...<br><br>Балалар педагогтің айтқанын мұқият тыңдайды.<br>Балалар көмектеседі.<br><br>Сәйкес іс-қимылдар жасайды.<br><br>Белка, сау бол. |
| Қорытынды | **«Күн мен жаңбыр» дидактикалық ойыны**. | Балалар қызыға |

| | | |
|---|---|---|
| бөлім | Педагог «Күн» дегенде балалар ұшады, «Жаңбыр» дегенде тығылады. | ойнайды. |

**Күтілетін нәтиже:**
**Біледі:** оригами тәсілімен зымыран жасауды
**Игереді:** зымыран жасауға қандай материалдар пайдаланатынын түсінеді;**Меңгереді:** зымыран жасауды меңгерді

**«Өнерлі екен он саусақ» (Вариативтік компонент)**
**Тақырыбы :**Достық ғаламшары
**Мақсаты:**Саусақ моторикасын дамыту, балаларды саусақпен жұмыс жасауды үйрету. Қызығушылылықтарын арттыру.

| Оқу қызметі кезеңдері | Тәрбиешінің іс-әрекеті | Балалардың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| **Мотивациялық-қозғаушылық**<br><br><br><br><br><br><br><br><br><br>**Ұйымдастырушы-лық-ізденістік**<br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br>**Рефлексиялық-түзетушілік** | **Шаттық шеңбері.**<br>Ортақ мекен жер шары,<br>Төбемізде бір аспан.<br>Барлық ұлттың баласы,<br>Достығымыз жарасқан.<br>Тату болсын еліміз,<br>Бүтін болсын жеріміз.<br>Бір шаңырақ астына,<br>Жиналайық, келіңіз! (өлеңге сәйкес қимылдар жасайды)<br>- Балалар біздің ұлтымыз қандай?<br>- Біз қай тілде сөйлесеміз?<br>Қазақстанда жүзден астам ұлт пен ұлыстың өкілдері бір қолдың саласындай, бір үйдің баласындай тату-тәтті өмір сүріп жатыр.<br>Балалар дөңгелене отырып, көздерін жұмып өз үйін, отбасын көз алдына елестетеді.<br>Әдемі, үлкен үйдің макетін көрсете отырып: Үй адамға не үшін керек? – сауалымен әңгіме жүргізіледі.<br>Дұрыс айтасыңдар. Әр адамның үйі, баспанасы болуы керек. Үйді құрылысшылар салады. Үй салу өте үлкен еңбекпен келеді.<br>Балалар Қазақстан көпұлтты мемлекет болғандықтан, онда үйлер де үлкен болу керек.<br>Мына үй қандай геометриялық пішіндерден құралған?<br>***Ойын: «Пішіндерді ажырат»***<br>***Ойынның шарты:*** Пішіндерді жерге шашып балалар жинап, алған пішінін және түсін айтады.<br>Балалар ендеше біз бүгін тұрғындары бірлік пен ынтымақта өмір сүретін үлкен үйдің | Балалар шаттық шеңберіне тұрып бір-біріне тіліктер тіледі ғаламшарда<br><br><br><br><br>- Қазақ<br><br>- Қазақ тілінде.<br><br><br>Көздерін ашып, қандай үйде тұратындықтарын айтады. |

| | | |
|---|---|---|
| | бейнесін салайық және безендірейік.<br>*Көрсету және түсіндіру.*<br>1.Үйдің шатырын үшбұрыш етіп салу және өз қалауы бойынша безендіру.<br>2. Үйдің қабырғасын шаршы пішіні арқылы саламыз, безендіреміз.<br>3. Үйдің терезесін және есіктерін салу.<br>4.Өз қалауы бойынша суреттерін толықтыру.<br>***Сергіту сәті:***<br>Кел, балалар, тұрайық,<br>Үлкен шеңбер құрайық.<br><br>Шаңырақты көтеріп,<br>Керегені құрайық.<br>Уықтарша иіліп,<br>Шаңыраққа қосылып,<br>Қазақы үйді құрайық.<br>**«Достық мектебі» қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>**Шарты:** арқанның үстінен достарының атын атап «Достық мектебіне» барады.<br>Көпірден біз өтеміз,<br>Достық мектебіне жетеміз.<br>Көпірден өткін ақырын,<br>Айт, досыңның аты кім?<br>Көпірден түгел өттік біз,<br>Достық мектебіне жеттік біз<br>-Балалар Қазақстан қандай мемлекет?<br>-Қазақстанда өзге ұлт өкілдері қалай өмір сүріп жатыр?<br>-Барлық адамдар ынтымақта, бірлікте өмір сүру үшін қандай үй қажет? | |

**Күтілетін нәтиже:**
**Жаңғырта алады:**Жер — адамзатгың ортақ үйі ойларын жаңғырта алды
**Түсінеді:** бірлік пен ынтымақта өмір сүру керектігін түсінеді
**Қолданады:** пішіндерді қолданудың әр түрлі әдістерін қолданады.

**«Өнерлі екен он саусақ» (Вариативтік компонент)**
**Тақырыбы :**Көбелек
**Мақсаты:**Дәстүрден тыс әдіспен көбелектерді салуды үйрету. Салу, елестету қабілеттері мен бақылай білу дағдыларын бекіту.Саусақпен жұмыс істеу тәртібімен қолдана білуге, қол-саусақ қимылдарын қалыптастыру.

| Іс-әрекет кезеңдері | Тәрбиешінің қызметі | Балалардың іс- |
|---|---|---|

| | | |
|---|---|---|
| | | **әрекеті** |
| **Мотивациялық қозғаушылық**<br><br><br><br><br><br><br><br>**Іздену-ұйымдастыру** | **Шаттық шеңбері**<br>Кел балалар күлейік<br>Күлкіменен түлейік<br>Түрлі-түсті бояумен<br>Әсемдеп біз жүрейік<br>Бізге келген қонаққа<br>Иіліп сәлем берейік.<br><br>Гүлдер,гүлдер көктесін<br>Көбелектер көп келсін<br>Гүл қанатты көбелек<br>Бақшамыздан кетпесін<br>-Өлеңде не туралы айтылған?<br>Жарайсыңдар, өте дұрыс!<br>Слайдттан не көріп тұрсыңдар?<br>Көбелектердің түстері қандай болады?<br>Иә, сары, қызыл, ақ, көкшіл түсті, көбелектер<br>Бір сәтке көзімізді жұмып, қиялмен гүл толы қырға, шығып келейік.<br>Ұшып жүрген көбелектер.<br>Жайқалған гүлдер қандай, қызыл, сары, ақ гүлдер. Осы гүлдердің ортасында бірінен – біріне ұшып, қонып көбелектер жүр. Гүлдер қандай әсем болса, сол гүлдерге ұқсас көбелектер де алуан түсті, пішіні де гүлге ұқсас. Сан құбылған қанаттарын қағып, табиғатты одан сайын сұлуландыра түседі.<br>1. Балалар, көбелектің қанша түрін көріп тұрсыңдар?<br>2. Қанатының өрнектері қандай?<br>Сұрақ қою арқылы көбелек пішіні туралы мәлімет беремін.<br>Көбелектің дене бөліктеріне тоқталу.<br>Басы, көзі,аузы, мұртшасы,қанаты<br>Көбелектер бунақденелілерге жатады,олар бақшаның ішінде гүлдің, шөптің арасында, ұшып-қонып жүреді.<br>**Дидактикалық ойын**<br>**Тақырыбы:** «Көбелектің өз түсін тап»<br>**Мақсаты:** Көбелектерді түсін ажырата отырып, өз түсімен сәйкестендіру.<br><br>**Жұмыстың орындалу реті.**<br>1.Қылқаламды таза суға батырып, онымен бояудың үстіне су тамызамыз.Бояудың жарты бөлігі су болады.Енді бояуды сумен<br><br>араластырамыз.<br>2. Араластырған бояуға қылқаламды батырамыз.Қылқаламмен көбелектің дөгелек,сопақша пішіндер салу арқылы денесін | Балалар қимылмен көрсетеді<br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br>Көбелек<br><br><br><br><br><br><br><br>Көбелек<br><br><br><br><br><br><br><br><br>Сары, қызыл, жасыл<br>Балалар жауаптары тыңдалады.<br><br><br>Көбелектер туралы білетіндерін айтып, түстерін атайды.Көбелек туралы ертегіні айтып, тақпақтар жаттайды. |

| | | |
|---|---|---|
| **Рефлексивті түзетушілік** | саламыз,мұртшасын саламыз және алдыңғы үлкен қанат пен артқы кіші қанатын салу. Бояумен оң жақ алдыңғы үлкен және артқы кіші қанаттың ішіне көк түстен дақ түсіреміз.<br>3. Сары, қызыл түстерді қолдана отырып оң жақ қанатын бояймыз.Әрбір бояуды пайдаланған соң, қылқаламның ұшын суға тазалап жуып отырамыз.<br>4.Қағаздың дәл ортасынан бүктеп, көбелектің сол жақ қанаты мен оң жақ қанатын беттестіреміз. Оны қолымызбен 1-2-3 деп санаймыз.<br>5. Көбелектің қанатын ашамыз.Егер көбелектің қанатындағы бояу өте солғын болса, яғни сендердің бояуларыңның өте сүйық болғаны. Егер бояудың суы аз болса, онда бояуларың кеуіп қалады да келесі қанатына дақ түспей қалады.Бояу жақсы, дұрыс араластырылған жақсы дақ түсірілген болса, онда көбелектің сол жақ қанатының өрнегі оң жағымен бірдей болып шығады.<br>**Балалардың өзіндік жұмысы.**<br>Көмек қажет болған балаларға көмектесу.<br><br>Балалардың жұмыстарын өздерімен бірге тамашалап,жақсы жұмыс жасаған баланың жұмысин барлығына көрсетіп мадақтау. | Балалар көбелектерді түсіне қарай гүліне орналастырады.<br><br>Қылқаламды суға батырады,субояққа араластырады. Әртүрлі түстерді қолданады. Қағазды бүктейді,көбелектің оң жақ және сол жақ қанатын беттестіреді. Қызыл, сары, көк,жасыл түсті көбелектерге дөңгелек пішіндерді орналастырады<br><br>Балалар жауаптары тыңдалады. |

**Күтілетін нәтиже:**
**Жаңғыртады:** Көбелек туралы айтады, түстерін атай алады,үлгіге қарап сурет салады
**Түсінеді:** Көбелектің түрі көп, түстері әртүрлі болатынын, жәндіктерге жататынын
**Қолданады:** Дәстүрден тыс әдіс-тәсіл арқылы сурет салуды

**«Өнерлі екен он саусақ» (Вариативтік компонент)**
**Тақырыбы :**Анаға арналған раушан гүл
**Мақсаты:** «Бұрмалау, орау» әдісіарқылытүрлітүстіқағазданжасау.

| Әрекет кезендері | Тәрбиешініңіс әрекеті | Балалардың іс-әрекеті. |
|---|---|---|
| **Мотивациялық қозғаушы** | Балалар, бізге Дымбілмес қонаққа келіпті. Сұрап көрейік неге жабырқаулы екен? Дымбілмес анасына мейрамға қандай | Балалар қоянға назар аударады<br>Қандай сыйлық |

| | | |
|---|---|---|
| | сыйлық жасайтынын білмей жүр.<br>Аналарыңды жақсы көресіңдерме? | жасайтынын айтып береді. |
| **Іздену ұйымдастырушы.** | Балалар мейрамға раушан гүлін жасайық.<br>Оның түрлерін қарап көрейік.<br>Шын көңілден жасаған сый қымбат болады.<br>Суретке назар аударайық.<br>Гүлді қараңдаршы.<br>Гүлдің пішіні қандай?<br>Түсі қандай?<br>Сабақтары мен жапырақтары қандай?<br>Пластикалық жаттығу: «Гүлдің қауызы»<br>Гүлдің бейнесін қимылмен ұсыну.<br>**Гүлдің жасалу әдіс-тәсілдерін түсіндіру.**<br>Алдымен дайындаған салфеткамызды гормошкалап бүктеп, ортасынан жіппен буамыз. Гүлдің қабаттарын ашамыз.<br>Енді бізге гүлдің сабағы керек.Жасыл түсті қағазды алып, ширатып ораймыз.<br>Тіктөртбұрышты қағазды алып,одан жапырақтың жобасын жасаймыз.<br>Енді желіммен жайлап жапсырамыз<br>гүл-цветы,ашықхат-конваерт,сыйлық-подарки<br>**Сергіту сәті**<br>1,2,3 – қолымызды созайық,<br>4,5,6- көбелекке ұқсайық.<br>7,8,9 – ұшып,ұшып алайық.<br>Қолымды сырғытып төменге,<br>Солға иіліп, түзелем,<br>Енді үш - төрт дегенде,<br>Оңға иіліп – түзелем.<br>Практикалық жұмыс<br>Балалар не жасаймыз?<br>Бірінші нелерін қиып аламыз?<br>Балаларды жұмыстануына бақылау жүргізу. | Балалар суретке қарап,гүлді сипаттайды<br>Қызыл,сары<br><br>Қолдарымен көрсетеді.<br><br>Гүлдің жасалу жолдарын түсініп меңгереді<br><br>Қайталайды<br><br>Қимылын жасайыды<br><br>Ашықхат жасаймыз<br>Гүлдерді,сабағын,ашықхатты қиямыз. |
| **Рефлексивті коррекциялаушы** | Балалар Қоянның көңілі көтеріліп қалды.Балалар сендер аналарыңды өте қатты жақсы көреді екенсіңдер.Сүйіспеншілік пен құрметіміз,нәзіктік сезіледі. | Қуаныштарын білдіреді. |

**Күтілетін нәтиже**
**Біледі**: салфетканы пайдаланып гүл жасайды.
**Меңгереді**:еңбектену арқылы жақындарына қуаныш сезімін сыйлай алытындарын
**Дағдылану:**анаға сыйлық құрметтеуге тәрбиелеу.

**«Өнерлі екен он саусақ» (Вариативтік компонент)**
**Тақырыбы :**Түлкі
**Мақсаты:** Дайынүлгідегітүлкініқаттықағаздан конус жасап, жапсыру.

| **Оқу іс-әрекетінің кезеңдері** | **Педагогтің іс-әрекеті** | **Баланың іс-әрекеті** |
| --- | --- | --- |
| **Мотивациялық қозғаушылық** | **Жылулық шеңбері**<br>**Барлығы бірге көктем жайлы өлеңді айтады.**<br>Көктем қандай көңілді<br>Күміс жаңбыр төгілді**.**<br>Мөлдір аспан ашылып,<br>Күн пердесі сөгілді<br>Қайырлы таң,қонақтар!Қайырлытаң,достарым! | Балалар шеңбер құрып жүріп,өлең жолдарына сәйкес қимыл жасап айтады . |
| **Ұйымдастырушылық –ізденістік** | Ойындық жағдаят.<br>Балаларды орманға серуенге шақырамын.<br>Ұшақпен ұшып баруға ұсыныс жасаймын.<br>-Балалар,міне, біз ормандағы алаңқайдамыз.Мына жерде қандай жануарлар бар.<br>-Қандай орман тұрғындарын білесіңдер?<br>**Сөздік жұмыс:**орман тұғындары.<br>Билигвальді компонент:түлкі-лиса,қасқыр-волк,аю-медведь,қоян-заяц.<br>**-Қараңдаршы,мына жерде қандай жануарлар артық?**<br>**-Слайд .Енелер мен төлдер ойыны**<br>Жабайы аңдар бейленген карточкаларды көрсетеді,олардың төлдері қалай аталатынын сұраймын**.**<br>**Мысалы:қоян-көжек.**<br>**Жұмбақ жасырамын.**<br>**Өзі ширақ,өзі қу.**<br>**Жүрген жері айқай-шу.**<br>-Балалар,бүгін біз жапсыру арқылы түлкі жасаймыз<br>Балалардың назарын үлестірмелі материалға аударады,суретті көрсетеді.<br>-Түкінің денесі,түсі қандай?<br>Жұмыстың жасалу ретін түсіндіремін.<br>-Үлкен үшбұрышты шаршыдан денесін қиып аламыз.Кішірек үшбұрышты алып,түлкінің басын | Бірінің артына бірі тұрып,қолдарын жайып,ұшақтың ұшуын бейнелеп көрсетеді.<br><br>Суреттерді қарап,жауап береді.<br>-Жабайы аңдар.<br>-Қасқыр ,аю,түлкі,қоян,<br><br>Қайталайды:орман тұғындары.<br>Қайталайды: түлкі-лиса,қасқыр-волк,аю-медведь,қоян-заяц,<br>-Мысық.<br>Себебі мысық-үйде өмір сүреді.<br>-Себебі мысық-үйде өмір сүреді.<br>Балалар жабайы аңдардың төлдерін атайды:аю-қонжық,түлкі-жәутек,қоян-көжек,қасқыр-бөлтірік.<br><br>Жұмбақты шешеді.<br>Шешуі:түлкі.<br>Түлкіні қиып жасауға ынта білдіреді.<br>Үлестірмелі материалды қарастырады.<br>-Қызғылт сары түсті,әртүрлі пішінді үшбұрыштар.<br>Жұмыстың жасалу ретімен танысады,педагогті тыңдайды. |

| | | |
|---|---|---|
| **Рефлексиялық-түзетушілік** | жасаймыз.Енді құлақтарын желімдейміз.<br>Жұмысқа кірісуге ұсыныс жасаймын.<br><br>Балармен жеке жұмыс жүргіземін.<br>Сергіту сәті.<br>Қыстың күні ызғарлы,<br>Жел соғады,қар жауып.<br>Қоян ағаш түбінде<br>Отырады бүрісіп.<br>Қу түлкі де ықтайды,<br>Жасырынып бораннан.<br>Боранның ашуы басылып,<br>Шуақтарын шашты Күн.<br>Қоян да жүр секектеп,<br>Шықты ортаға түлкі де.<br>Біз де енді жүрейік,<br>Орнымызға келейік.<br><br>Балаларды мадақтаймын.<br>-Түлкі туралы қандай ертегі білесіңдер?Мен сендерге ертегілерден үзінді оқимын,сендер қандай ертегі екенін еске түсіріп,айтыңдар,-деймін.<br>1.Қасқыр мен Түлкі жолдас болыпты.Қасқыр түлкіге айтыпты:» «Менің басым ауырып барады,тамырымды ұстап берші»,-дейді.Сонда түлкі тамырын ұстап тұрып айтады: «Басың жазылуы үшін олай-бұлай ,құйрығыңды ойықтағы мұзға сала ғой!»-дейді...<br>...2. Бір күні түлкі тырнаны қонаққа шақырыпты.<br>-Маған қонаққа кел,мен дәмді тамақ пісіріп қоямын...<br>3. «Менің құлағым естімеуші еді,әніңді менің мұрныма отырып,қайталап шырқашы»...<br>-Тамаша!Қандай көп ертегі білесіңдер!<br>-Ертегілерде түлкі қандай?Оны қалай атайды? | Оңға бұрылады,солға бұрылады,қолдарын артқа<br><br>ұстайды.<br><br>Секіреді.Қолдарын қанат қаққандай қозғалтады.Тұрады,қолдарын жоғары көтереді.<br><br>Балалар қуанышты сезімде болады.<br>Жұмысқа кіріседі,тапсырманы орындайды.<br><br><br>Бір-бірінің жұмыстарын қарайды,қуаныштарын білдіреді.<br><br><br><br><br><br><br><br>«Қасқыр мен Түлкі»<br><br><br>«Түлкі мен тырна»<br><br><br><br>«Бауырсақ».<br><br>-Ертегілерде түлкі қу болады.Оны қу түлкі деп атайды. |

**Күтілетін нәтижелер:**
**Жасайды:** қағаз бетінде заттардың суретін дұрыс орналастырады; үшбұрыштардан түлкінің денесін құрастырады;
**Түсінеді:** жабайы аңдар орманда мекендейтінін;ертегілерде түлкі қу болатынын;
**Қолданады**:жұмбақтарды шешуді;түлкі бейнесін желімдеуді